

АНАРБАЕВ ЕРМЕК АХМЕТОВИЧ

**Ауылшаруашылық жерлердің пайдалану ерекшеліктерін
ескере отырып, сапалық жағдайын бағалау және зерттеу
(Түркістан облысы мысалында)**

6D090700 - Кадастр

(PhD) философия докторы дәрежесін
алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми жетекші:
Пентаев Т.
т.ғ.д., профессор

Кенжибаева Г.С.
т.ғ.к.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Нилиповский В.И. (Москва)
э.ғ.к., профессор

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2024

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	6
КІРІСПЕ.....	8
1 АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЕРЛЕРІНІҢ САПАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	13
1.1 Ауыл өнеркәсіптік кешендерінің жер ресурстарын басқарудағы ауыл шаруашылығы жерлерін бағалаудың маңызы мен ролі.....	13
1.2 Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы жерлерін кадастрлық бағалаудың әдістері.....	23
1.3 Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді кадастрлық бағалау әдістерін жетілдіру стратегиялары.....	25
Бірінші бөлім бойынша тұжырымдама.....	41
2 АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЕРЛЕРІНІҢ САНДЫҚ, САПАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ БАҒАНЫ АНЫҚТАУ ӘДІСТЕРІ.....	43
2.1 Түркістан облысының ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалану ерекшеліктерін зерттеу.....	43
2.2 Баға құраушы факторларды анықтау және көрсеткіштерін негіздеу..	55
2.3 Баға белгілеуші факторларды саралау әдістері.....	64
Екінші бөлім бойынша тұжырымдама.....	74
3 АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЕРЛЕРІНІҢ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП БАҒАЛАУ МӘЛІМЕТТЕРІН ПАЙДАЛАНУ.....	75
3.1 Ауыл шаруашылығы жерлерін кешенді бағалаудағы құндылығын талдау.....	75
3.2 Жер учаскелерін экономикалық бағалау шамаларын салыстыру.....	84
3.3 Жерге орналастыруда ауыл шаруашылығы жерлерінің кадастрлық құнын кешенді бағалауды пайдаланудың тиімділігі.....	93
Үшінші бөлім бойынша тұжырымдама.....	99
ҚОРЫТЫНДЫ.....	100
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	103

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі стандарттарға сәйкес сілтемелер көрсетілген:

Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды.

Қазақстан Республикасының Жер кодексі. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы N 442 Кодексі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы N 268-III Кодексі.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастрын жүргізу ережесін бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 160 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 қаңтарда № 10147 тіркелді.

Құқықтық актілер туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ.

Бағалау стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 519 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 мамырда № 16971 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 10 қаңтардағы № 133-VI ҚРЗ.

Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 66 Заңы.

«Мүлікті жария етуге байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жария етілген жер учаскелеріне құқықтарды ресімдеу ережесін бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 19 шілдедегі N 688 Қаулысы.

Түркістан облысының 2021-2025 жылдарға арналған әлеуметтік – экономикалық дамуының кешенді жоспарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 938 қаулысы.

Жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобасын жасау қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2022 жылғы 3 маусымдағы № 180 бұйрығы.

Мемлекетаралық стандарт 2.105-95. «Конструкторлық құжаттаманың бірыңғай жүйесі. Мәтіндік құжаттарға қойылатын жалпы талаптар». (Ресей Федерациясының мемлекеттік стандартының 1995 жылғы 8 тамыздағы N 426 қаулысымен қолданысқа енгізілді).

Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығы.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған.

Агроөнеркәсіптік кешен - шаруашылықтың барлық салаларын, сондай-ақ түпкі тұтынушыға жеткізілетін ауыл шаруашылығы өнімін өндіруге қатысатын экономика салаларын біріктіретін салааралық кешен.

Агроэкожүйе (агробиоценоз) – ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мақсатымен адам үнемі реттеп отыратын жасанды (егістік, жайылым бақ, жүзімдіктер, т.б.), тұрақсыз жүйе.

Аймақтарға бөлу - жер аумағын оның нысаналы мақсаты мен пайдаланылу режимін белгілей отырып айқындау.

Акт-бір нәрсені куәландыратын құжат. Мысалы, шекаралық белгілерді тапсыру туралы акт; жер учаскесін таңдау актісі.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер - елді мекеннің шекарасынан тыс орналасқан және ауыл шаруашылығының мұқтажы үшін берілген, сондай-ақ осы мақсаттарға арналған жерлер.

Ауылшаруашылық алаптары - азық-түлік өндірісі үшін пайдаланылатын жер учаскелері. Олар елдің азық-түлік қауіпсіздігі мен экономикалық дамуын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Баға - тауар құнының ақшалай түрі.

Баға факторлары-бұл деңгейге, құрылымға, динамикаға және баға қатынасына әсер ететін жағдайлар, яғни: өндіріс шығындары; тауардың құндылығы (сапалық параметрлер); тұтынушылардың сұранысы;

«Жасыл» экономика - бұл табиғи қорларды тиімді пайдалану есебінен қоғамның әл-ауқатын сақтауға бағытталған, сондай-ақ соңғы пайдалану өнімдерін өндірістік циклге қайтаруды қамтамасыз ететін экономика.

Жер - Қазақстан Республикасының егемендігі белгіленетін шектегі аумақтық кеністік, табиғи ресурс, жалпыға ортақ өндіріс құралы және кез келген еңбек процесінің аумақтық негізі.

Жер кадастры - жер туралы мәліметтер жүйесі, мемлекеттік кадастрлардың құрамдас бөлігі.

Жер ресурстары - қоғамның материалдық, мәдени және басқа да қажеттерін қанағаттандыру үшін шаруашылық және өзге де қызмет процесінде пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін жер.

Егістік - ауыл шаруашылығында дәнді дақылдарды өсіру үшін қолданылатын егін алқабы.

Ішкі шаруашылық жерге орналастыру - еңбекті және ауылшаруашылық техникасын ұтымды пайдаланып, топырақ құнарлығы мен жердің басқа да қасиеттерін сақтап көбейтіп ауыл тұрғындарының еңбек етуі мен өмір сүруі үшін қолайлы жағдай жасауды қамтамасыз етіп, мемлекеттік немесе мемлекеттік емес меншік формаларындағы әр түрлі шаруашылық құрылымдардың ауылшаруашылық өндірісін территорияда ұйымдастыру үшін жүргізілетін шаралар жүйесі.

Өзіндік қосалқы шаруашылығы - аграрлық сектордың маңызды құрылымдық бөлігі.

Өнімділік - бір гектардан центнермен алынатын өсімдік шаруашылығы өнімінің мөлшері.

Кадастрлық (бағалау) құны - это мемлекет жер учаскесін немесе оны жалға алу құқығын сатқан кезде қолданылатын, инфляцияның жалпы деңгейі туралы ресми статистикалық ақпаратқа сәйкес кезең-кезеңімен нақтыланатын жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкалары және оларға түзету коэффициенттері негізінде айқындалатын жер учаскесінің есептеу құны.

Күрделі қаржы - негізгі капиталға (негізгі құрал-жабдыққа) жұмсалатын инвестиция, экономика салаларында негізгі қорларды жасауға, ұдайы қалпына келтіруге жұмсалатын материалдық, экономикалық және қаржы қорларының (құндық, ақшалай бағамен) жиынтығы.

Мелиорация - зерттеу аймағын жақсартуға бағытталған іс-шаралар жүйесі. (топырақ, су қорлары, климат және т.б.).

Шаруа немесе фермер қожалығы - бұл жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыру ауылшаруашылық өнімдерін өндіру үшін ауылшаруашылық жерлерін пайдаланумен, сондай-ақ осы өнімдерді қайта өңдеумен және сатумен тығыз байланысты адамдардың еңбек бірлестігі.

Шаруашылық аралық жерге орналастыру - халық шаруашылығының салалары арасында салалар ішінде жер бөлу, әртүрлі шаруашылық құрылымдарының жер пайдаланулары мен жер иеліктерін құру және әкімшілік-территориялық құрылымдарын, ерекше режимдегі территориялардың және арнайы жер қорларының шекараларын белгілеу арқылы жерді тиімді пайдалану мен қорғауды ұйымдастыруға бағытталған қоғамдық - экономикалық, құқықтық, техникалық және экономикалық шаралар жүйесі.

Регрессия теңдеуі- сызықтың теңдеуімен бірдей формада болады және көбінесе келесі жалпы түрде жазылады: $y = A + Bx$.

Реттілік-индекстелетін жинақ, яғни индекстер бойынша қол жеткізуге болатын нысандар жинағы (немесе контейнер). **Индекс**-бұл элементтің тізбектің басынан (оң индекстер) немесе тізбектің соңынан (теріс индекстер) сысуын білдіретін бүтін сан.

Факторлық көрсеткіштер-бұл нәтижелі көрсеткіштің мінез-құлқын анықтайтын және оның өзгеруінің себептері ретінде әрекет ететін, қызмет нәтижелерін болжауға және нәтижелі көрсеткіштің ішкі және сыртқы факторлардың өзгеруіне сезімталдығын бағалауға мүмкіндік беретін индикаторлар.

Экономикалық бағалау - бұл екі баламалы қызметтің кірістері мен нәтижелерін жүйелі түрде анықтау, өлшеу және бағалау процесі және оларды кейіннен салыстырмалы талдау. Экономикалық бағалаудың мақсаты қолда бар дәлелдерге сүйене отырып, ең жақсы іс-әрекетті анықтау болып табылады.

Эрозия - тау жыныстары мен топырақты жер үсті су ағындарымен және желмен бұзу, оның ішінде материалдың сынықтарын алып тастау және оларды тұндыру.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АҚ	-	Акционерлік қоғам
АҚШ	–	Америка Құрама Штаттары
АШМ	–	Ауыл шаруашылық министрлігі
АШК	–	Ауыл шаруашылық кәсіпорын
АШТӨ	–	Ауылшаруашылығындағы таза өнімдер
АӨК	–	Агроөнеркәсіптік кешен
БҰҰ	–	Біріккен ұлттар ұйымы
ҒЗЖ	–	Ғылыми зерттеу жұмыстары
ҒЗИ	–	Ғылыми-зерттеу институты
ҒТП	–	Ғылыми-техникалық прогресс
ДСҰ	–	Дүниежүзілік сауда ұйымы
ЕО	–	Еуропалық Одақ
ЖРБК	–	Жер ресурстарын басқару комитеті
ЖІӨ	–	Жалпы ішкі өнім
ЖҰӨ	–	Жалпы ұлттық өнім
ОБХШЕ	–	Орталық басқару халықтық-шаруашылық есеп
ӨҚШ		Өзіндік қосалқы шаруашылық
КИ	-	Кедейсоқтық индексі
ҚР	–	Қазақстан Республикасы
КҚ	-	Кадастрлық құн
КСРО	–	Кеңестік социалистік республикалар одағы
ҚазССР	–	Қазақ Советтік Социалистік Республикасы
ҚР	–	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті
МЖМБС		білім беру стандарты
ҚР ҰҒТАО	–	Қазақстан Республикасы ұлттық ғылыми – техникалық
		ақпарат орталығы
МЕМСТ	–	мемлекеттік стандарт
РФ		Ресей Федерациясы
РИ		Ретгілік индексі
ТМД	–	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ХКЕ	–	Халық комиссариаты егіншілігі
ӨК	–	Өндірістік кооператив
АЭС	–	Атом электростанциясы
ҚТҚ	–	Қатты тұрмыстық қалдықтар
ӨКЗ	–	Өскемен конденсатор зауыты
га	–	гектар
ц	–	центнер

ц/га	–	центнер гектарға
т	–	тонна
тг	-	теңге
%	–	пайыз
млн	–	миллион
млн.га	–	миллион гектарға
млрд	–	миллиард
мың га	–	мың гектарға
ж.	–	жыл
жж.	–	жылдар
№	–	нөмірі
С°	-	градус

КІРІСПЕ

Зертеу тақырыбының өзектілігі. Нарықтық экономика қажеттіліктіріне сәйкес, сонымен қатар ғаламдық экономикалық кеңістіктегі бағалау қоғамдастығын интеграциялау мақсатында жерді бағалау мәселесі қазіргі уақытта өте өзекті болып табылады.

Мұндағы мәселе, жер - қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының ең маңызды және ештеңемен алмастырылмайтын факторы ретінде қала отырып, түрлі рольді атқарады. Ресурс ретінде және тауар ретіндегі жердің құны – бес жүз жылдан аса зерттеліп келе жатқан экономика ғылымында қажетті экономикалық фактордың бірі саналады. Жердің құнын қалыптастырудың экономикалық және экономикадан тыс механизмдерін қалыптастыру сұрақтары анағұрлым күрделі.

Қазақстан Республикасында бағалау қызметін старгиялық дамытуды сәтті жүзеге асыру, яғни жекелей алғанда кадастрлық бағалау – теориялық-әдіснамалық, әрі қолданбалы түрде мәселелердің шешімін талап етеді, сонымен қатар жер-бағалау жұмыстарының нәтижелерін тәжірибелік қызметке енгізу, технологияларын дайындау, ауыл шаруашылығын дамытудың заманауи экологиялық және әлеуметтік-экономикалық мәселелерінің шешілуіне мүмкіндік жасайды.

Жүргізілген сараптаулар көрсеткендей қазіргі күнге дейінгі жерді бағалау саласындағы тарихи қалыптасқан зияткерлік жобалар, тұжырымдар және идеялар айтарлықтай әлі күнге дұрыс ұстанымды таңдауға алып келеді. Жасалынатын дұрыс таңдаулар, жобалау жұмыстары мәселенің өзектілігі мен тәжірибелік құндылығына қарамастан, отандық және шетелдік ғылымның алға қойған зерттеуі әлі де өндірістің және жеке мүлік нысанының факторы ретінде жерді бағалауға бағытталады. Айта кететін басты жайт, бүгінге дейін жердің биосфералық, экономикалық және әлеуметтік маңыздылығын көрсететін жердің кадастрлық құнын бағалау феноменіне кешендік зерттеулер жүргізілген жоқ.

Теориялық және қолданбалы ізденістерде биосфералық санат ретіндегі жер ресурстарын бағалау мәселесіне тек соңғы уақыттары ғана көңіл бөлінуде. Осыған байланысты диссертациялық зерттеу жұмысы өте қажетті және өзекті болып табылады.

Мәселенің зерттелу деңгейі. Жерді зерттеу және бағалау сұрақтарын отандық және шетелдік ғалымдар еңбектерінде қарастырылған. Бсқару жүйесінің элементі ретінде жерді бағалау мәселесін көптеген ғалымдар зерттеді: Варламов А.А., Волков С.Н., Гальченко С.А., Сағайдак А.Э., Семенов В.А., Сулин М.А., Хачатуров Т.С., Хлыстун В.Н., Сейфуллин Ж.Т., Дюсембеков З.Д. және т.б. Жерді және жылжымайтын мүлік ретінде бағалау туралы зерттеулер әлемдік танымал ғалымдардың да жарияланымдарында да кеңінен жарық көрген: Весели О., Кенэ Ф., Петти У., Смит А., Эккерт Дж. және т.б.

Шетелдік, отандық ғылымда және тәжірибеде табиғи ресурстар мен жердің құны бойынша әр түрлі әдіснамалық ұсыныстар, тәсілдер дайындалғанымен, тәжірибе қалыптасқанымен жер ресурстарын бағалау жұмыстарына қатысты отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерін шолу барысында көптеген қарама-қайшы пікірлердің барлығына көз жеткіздік. Бүгінгі кезде, тез қарқынмен дамып жатқан жер қатынастарындағы көптеген өзгерістер, ауыл шаруашылығы жерлерінің кадастрлық бағасын анықтау әдістемесін жетілдіруді талап етіп отыр. Сондықтан да, аталған мәселелерді теориялық және әдіснамалық тұрғыдан зерттеу қажеттілігі диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндетін анықтауға негіз болды. Қазіргі кезде жерді бағалау мәселесі бойынша ғылыми еңбектер болса да, жерді бағалау мәселесі, бағалау механизмінің даму және жетілдіру мәселелері толығымен зерттелмеген.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.

Агроөнеркәсіп кешенінің жер ресурстарын басқару жүйесінде қолданудың әдісі және экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етудің басты тетігі ретінде ауыл шаруашылығы жерлерін бағалау әдістемесін жетілдіру диссертациялық зерттеудің мақсаты болып табылады.

Қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- ауыл шаруашылығы жерлерін бағалаудың әдістері мен теориялық-ғылыми тәсілдерін жүйелеу және саралау;
- аграрлық экономиканы тұрақты дамытуды қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығы жерлерін кадастрлық бағалаудың ерекшеліктерін және орынын, ролін анықтау;
- Агроөнеркәсіп кешенінің бірнеше көрсеткіштерге (сандық, сапалық және құндық) сәйкес потенциалын бағалау;
- ауыл шаруашылығы жерлерінің кадастрлық құнын бағалау нәтижелерін қолдану құралы ретінде пайдалану технологияларын жетілдіру;
- ауыл шаруашылығы жерлерінің кадастрлық құнында зиянды және қауіпті факторлар коэффициенттерін негіздеу;
- ауыл шаруашылығы жерлерін кадастрлық бағалауға сүйенетін агроэкожүйені тұрақты дамыту үшін және аграрлық экономиканы дамытуды шешетін модель ұсыну;
- ауыл шаруашылығы жерлерін пайдаланудың экологиялық және экономикалық тиімділігін көтеруге мүмкіндік беретін жер-бағалау жұмыстарын қолдану негізінде жерге орналастыру шараларын жетілдіру;

Зерттеу нысаны агроөнеркәсіп кешенінің жер ресурстарын басқару жүйесіндегі ауыл шаруашылығы жерлерін бағалауды дамыту келешегі және жағдайын зерттеу болып табылады.

Зерттеу пәні. Ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалану ерекшеліктеріне сүйене отырып бағалау қызметін дамыту, қалыптастыру заңдылығы, сонымен қатар ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін көтеру үшін оның мәліметтерін пайдалану мүмкіндігі.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы ауыл шаруашылығы жерлерін бағалау қызметіне кешендік зерттеу жүргізу және оның нәтижелерін аумақтық ерекшеліктерді ескергендегі ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін көтеруге қажетті жағдай жасайтын маңызды фактор ретінде қолданудан тұрады.

Ғылыми жұмыстың зерттелуі барысында келесі нәтижелерге қол жеткізілді:

-ауыл шаруашылығы жерлерін бағалау әдістерін топтастыру және жіктеу концепциясы ұсынылды;

-аграрлы экономиканы тұрақты дамытуды қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығы жерлерін кадастрлық бағалаудың ерекшеліктері, орыны және маңыздылығы анықталды;

-арнайы техникаларды пайдалана отырып, бағалауды дамытудың нұсқалары дайындалды, сонымен қатар мүмкіндіктері, тәуекелі және жағдайы белгіленді;

-ауыл шаруашылығы жерлерінің кадастрлық құнын бағалау нәтижелерін қолдану құралы ретінде пайдалану технологияларын жетілдірілді;

- ауылшаруашылық жерлердің кадастрлық құнында зиянды және қауіпті факторлар коэффициенттері қолданылды;

- кадастрлық бағалауға сүйенетін агроэкожүйені тұрақты дамыту үшін және аграрлық экономиканы дамытуға мүмкіндік беретін модель ұсынылды;

- ауыл шаруашылығы жерлерін пайдаланудың экологиялық және экономикалық тиімділігін көтеруге мүмкіндік беретін жер-бағалау жұмыстарын қолдану негізінде жерге орналастыру шараларын жетілдірілді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

-нарықтың даму жағдайында жер қатынастарын реттеу бағытында жер ресурстарын кадастрлық бағалаудың теориялық негіздері;

-ауылшаруашылық аумақтарында орналасқан ауыл шаруашылығы жерлерінің сапалық және сандық көрсеткіштерінің анықталуы;

-ауыл шаруашылығы жерлерінің табиғи аудандастыру ерекшеліктерімен зерттелуі;

-ауыл шаруашылығы жерлерінің кадастрлық құнында зиянды және қауіпті факторлар коэффициенттерінің негізделуі;

-ауыл шаруашылығы жерлерді кадастрлық бағалау жұмыстары әдістемесін жетілдірудің нақты ұсыныстарының жасалуы.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі.

Жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізіне қазіргі экономика және жерге орналастыру ғылымдарының іргелі қағидалары, отандық және шетелдік ғалымдардың диссертациялық ізденістері мен жарық көрген еңбектері, жер және жылжымайтын мүлік саласындағы мамандардың тәжірибелік жұмыстары, жерге орналастыру және жер кадастры бағытымен айналысатын мекемелердің мәліметтері қолданылды.

Зерттеудің ақпараттық базасына ретінде Қазақстан Республикасының заңнамалары, нормативтік-құқықтық акттары, Халықаралық және мемлекеттік стандарттар, статистикалық мәліметтер, мемлекеттік даму бағдарламалары, Жер ресурстарын басқару комитетінің есептік құжаттары пайдаланылды.

Зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында абстракты-логикалық, диалектикалық, сараптаулық, монографиялық зерттеулер, факторлы сараптау, корреляциялық-регрессиялық сараптау, статистикалық, салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Диссертациялық зерттеудің ғылыми негізіне нарықтық талапты ескере отырып бағалауды жетілдіру болып табылады.

Зерттеудің теориялық және тәжірибелік құндылығы. Зерттеудің теориялық құндылығы агроөнеркәсіп кешенінің жер ресурстарын басқару және жер қатынастарын реттеудегі ұйымдастырушылық-экономикалық механизмді жетілдіруге мүмкіндік беретін, экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталатын кешенді тәсіл негізінде ауыл шаруашылығы жерлерінің кадастрлық құнын бағалаудың теориялық және әдіснамалық ережелерін дамытуға арналады.

Жұмыстың тәжірибелік құндылығы: бағалау көрсеткіштерін факторлық анықтау; шаруашылық етудің түрлі формасындағы ауыл шаруашылығы жерлерінің ерекшеліктерін ескеру; белгілі бір аумақ ерекшелігіне сәйкес потенциалды анықтау және шаруашылық ету формасын есепке ала отырып жер салығын жетілдіру жолдары; жерге орналастыру регламенттері негізінде ауыл шаруашылығы жер пайдаланылуын ретке келтіру; кадастрлық бағалау нәтижелерін қолдана отырып, ауыл шаруашылығы жер пайдаланушылары мен иеленушілерінің жер пайдалануын ұйымдастыру.

Жұмыстағы ұсыныстарды ендіру арқылы көп бағытты аграрлы экономиканы тұрақты дамыту шеңберінде түрлі шаруашылық ету формаларының бәсекеге қабілеттілігін көтеруге болады, агроөнеркәсіптік кешендердің және ауыл шаруашылығы өндірісінің рентабельділігін арттыруға болады, сонымен қатар өңірлік, өңіраралық аграрлық экономиканы дамытуда аумақтық ұйымдастыруды арттыруға болады.

Ізденушінің жеке үлесіне. Диссертацияның негізгі нәтижелері ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі және облыстардың ауыл шаруашылық департаменттерінде ауылшаруашылық жерлерді кадастрлық бағалауда қолдануға болады. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері жер қатынастарын дамыту бағытындағы жұмыстарда, жоғары оқу орындарының «Жерге орналастыру және кадастр» мамандықтарының оқу үрдістерінде пайдалануға болады.

Зерттеу нәтижелерінің апробациясы. Ұсыныстар мен жұмыс нәтижелерінің негізделуі ғылыми-тәжірибелік, ғылыми конференцияларда талқыланды, Scopus мәліметтер базасына кіретін 2 мақала және БҒСБК саласына кіретін ғылыми басылымда 5 ғылыми мақала жарияланды. Диссертациялық жұмыстың негізгі ғылыми нәтижелері алыс және жақын шетелдік, аймақтық деңгейдегі конференцияларда баяндалып талқыланды, атап

айтқанда:

- «Наука и образование в современном мире: вызовы XXI века» тақырыбындағы ғылыми-тәжірибелік конференция (Нұр-Сұлтан қ., 2019ж.);

- «Мәселелер және ғылыми шешімдер» Халықаралық форум (Мельбурн, Австралия, 2021ж.);

- «Ғылым және инновация 2021: Даму бағыттары мен басымдықтары» Халықаралық ғылыми конференция (Мельбурн, Австралия, 2021ж.).

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі. Диссертациялық жұмыс нормативтік сілтемелер, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулар, кіріспе, үш тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттерді қамтитын компьютермен терілген 109 беттен, сонымен 17 суреттен, 22 кестеден тұрады.

1 АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЕРЛЕРІНІҢ САПАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Ауыл өнеркәсіптік кешендерінің жер ресурстарын басқарудағы ауыл шаруашылығы жерлерін бағалаудың маңызы мен ролі

Жер ресурстары - бұл кез-келген елдің ұлттық байлығы, халықтардың әлеуметтік-экономикалық қолайлылығының негізі. Ең алғаш Мәскеу губерниясындағы шаруалардың жер иемдену құрылымын зерттеген А.В.Чаяновтың пікірінде жерді бағалау арқылы оны пайдалану тиімділігіне қол жеткізуге болатындығын дәлелдеген. Оны өз ұлты игілігіне, болашақ ұрпақтары пайдалануы тиіс [1].

Жер қатынастары саласындағы қорғалынбай қалған күрделі де қиын мәселелерді шешу, ауыл шаруашылығындағы шаруа қожалықтарына, АҚ, ӨК инвестициялар тарту үшін жағдай жасау мақсатында 2003 жылғы маусымда ел Президентінің Жарлығымен Жер Кодексі қабылданды [2]. Жерге жеке меншік енгізілуіне орай, еліміздің ауыл шаруашылығы саласындағы егістікті тиімді де ұтымды пайдалануға көштік. Себебі дүниежүзілік дамыған мемлекеттердің тәжірибесі анықтағандай, меншік түрі өзгергенде ғана жер ресурстарын тиімді де ұтымды пайдалануға қол жеткізу мүмкіндігін зерттеулер көрсетілді.

Жүргізілген зерттеулер және ғылыми әдебиеттерге шолу барысында анықтағанмыз, жерді бағалау ерте кезеңнен пайда болған. Атап айтсақ Қытайда б.э.д. 3 мың жылдықта жер қыртысы 9 классқа бөлініп бағаланған, сонымен қатар жерді бағалау туралы мәліметтер Ежелгі Мысыр, Греция және Римнің көптеген тарихи жазбаларында кездеседі. Ежелгі Римнің жер кадастры жер меншігінің суреттеуін көрсетеді [3]. Арнайы реестрлерге жер учаскелерінің ауданы, оларды өңдеу әдістері, сапасы және жерлердің табыстылығы туралы мағлұматтар енгізілген. Кестелерге жерлердің жоспарлары, олардың атаулары, шекаралары және жер иеліктерінің аудандары жазылып отырған. Соның ішіне жерлердің сапасы және шаруашылық туралы мағлұматтар енгізілген. Рим кадастрының принциптері империяның аудандарында және колонияларында кең тарады, тағы сол сияқты басқа мемлекеттерде қолданды. Ортағасырлық кезеңдерде жер кадастрының дамуы туралы византиялық ауыл шаруашылық энциклопедия – Геопоники куәландырады [4]. Онда жердің сапасын жер қыртысының сыртқы түрінен және өсімдіктері, жер қыртысының дәмі және иісінен анықтауға мүмкін болатыны көрсетілген. Көп көңіл жер рельефіне, бөктер экспозицияларына, т.с.с. жер қыртысының қасиеттеріне, яғни тығыздылығына, құрамына, түсіне аударылды. Жер қыртысының қасиеттеріне байланысты, оның сапасы және орналасу жағдайы және жер қыртысын өңдеу, дақылдар жинағы, әр түрлі қыртысқа жарамдылығы бойынша ұсыныстар жүргізілді. Батыс Еуропасындағы ортағасырлық кадастрларға франктардың королі Ұлы Карлдың (742-814 ж.) жер кадастры Вильгельм Завоеватель (1066-1087 ж.) кезіндегі ағылшын «Книгу страшного суда» [5], ол кітапта жерлердің саны және сапасы туралы жете мәліметтер келтірілген. Мұнда даттық хат алысу Вольдемар 2 (1231 ж.) кезінде, Фридрихтің 2 (1194-1250 ж.) сицилиялық кадастры, ағылшындық хат алысу Эдуард1 (1239-1307 жж.) кезінде, Каламбри

(1327 ж.) кадастры, Дофинел (1369 ж.) аудандарының кадастры, Бранденбургтың (1375 ж.) курорюшерлік жерлері бойынша кітабы қаралды [6].

Еуропада XVIII-XIX ғасырларда мемлекеттік шығындар және оларға байланысты салық салу жүйесі бөлек батыс еуропалық мемлекеттердің өкіметтерін түбірлі қаржы реформалары және жерлер бойынша кадастр өндіруге мәжбүрледі. Оның ішінде Миландық, Тиролдық және Парцеллярлық маңызды болды. Миландық кадастр, Италияның солтүстік бөлігінде австриялық өкіметпен жүргізілді, ол жер учаскесінің табыстылығын анықтайтын кадастрлардың бірі болды [7]. Ол үш бөлімнен тұрды - жерлерді өлшеу, олардың классификациясы, таза табыс көлемін анықтау. Жерлер тура өлшеніп, құнарлығы бойынша төрт классқа бөлінді: жақсы, орташа, жаман, құнарсыз. Әр классқа орташа таза табыс орнатылды, ол алынатын салық көлемі және оның капиталды өзіндік құнының негізгі көрсеткіші болып табылды. Тиролдық кадастр (1771 ж.) баға бойынша кадастр. Онда жер иелерінің айтуы бойынша учаскелер көлемі орнатылады. Жер учаскесінің табыс көлемі орташа нарықтық баға негіздерінде қойылды. Бірақ баға бойынша кадастр әр уақытта нақты нәтиже бере алмады, өйткені нарықтық бағалар және учаскелер табыстылығына сәйкес келмеді және сондықтан ол толығымен провизорлық (азықтық) мінез алды. Франциядағы жер туралы парцеллярлық кадастр тура мәлімет берді. Таза табыс берілген учаскеде 26 жыл ішінде ауылшаруашылық дақылдардың өнімділігі негізінде анықталды. Есептеулердің ең өнімді және өнімді емес жылдық алынып тасталынып отырды [8].

Шотландиялық экономист А.Смит (1723-1790 жж.) 1776 жылы 9 наурыздағы жарияланған зерттеу еңбегінде «көрінбейтін қол» арқылы кез-келген шаруашылығы нәтижесі мемлекетке пайда, яғни кіріс әкелетіндігін, міне осы кезде жермен айналысудағы оны бағалаудың қажеттілігін атап өткен [9].

Жер рентасының түрлерінің теориясын ең алғаш ұсынған ағылшын саяси экономикасының классиктері тобына кіретін экономист Д.Рикардо (1772-1823 жж.) болатын [10].

Жерді бағалау және оның әртүрлі әдістерін өте көп зерттеген ғалымдар К.Маркс (1818-1883 жж.), С.Г.Струмиллин (1877-1974 жж.) еңбектерінде жер ресурстарын әсіресе жер құнарлығының әр түрлі болатындығын және осыған сәйкес жер бағасының артуына ықпал жасайтын факторларды талдаған [11].

Ресей жер кадастры, батыс еуропалық мемлекеттердің кадастры сияқты, ұзақ даму тарихына ие. Ресейдегі бірінші жерлерді тіркеу 9 ғасырда пайда болды. Олар көбінесе монастырь және шіркеу жерлеріне қатысты болды және дін басыларын жылжымайтын мүлікпен, соның ішінде жерлермен қамтамасыз етудің негізі болды. Біздің заманымызға жеткен көне кадастрлық құжат татарлық иго кезеңіндегі жерлерді сипаттау болып табылады [12]. Бірінші Киевтік жерлердің татарлық санағы (1245 ж.) өткізілді. Петр (1718 ж.) 1 адам басына шаққан алым жүргізді. Жерлердің сапалы есебі және олардың бағалануы салық салыну негізі ретінде өзінің мағынасын жоғалтып және ұзақ жылдарға жоғалып кетті. Реформадан кейін (1861 ж.) крепостнойлар құқығын және шаруалар жанының төлемін жерге аударуды алып тастағаннан кейін, жер бағалау жұмыстарында есептеу қажеттілігі туды. Ресейдің Еуропалық бөлігінің

қара топырағын алғаш рет зерттеп оның шығу тегін, химиялық құрамын, жіктеу принципі және қара топырақты бағалау жүйесінің әдістеріне өз еңбегін арнаған ғалым В.В.Докучаев (1846-1903 жж.) болды. В.В.Докучаев топыраққа анықтама берген және топырақтанудың негізгі құрамын, топырақ туралы ғылымның негізін қалады [13].

Жер ресурстары адамдардың жер бетінде өз еңбегін қолдануға мүмкіндік беретін тіршілік ортасы, оны алғаш рет XVII ғасырда өмір сүрген ағылшын ғалымы Петти Вильям (Уильям Петти) (1623-1687 жж.) атап айтқан болатын «Тұтыну құндары мен заттық байлықтың көзі тек еңбек қана емес. Еңбек-байлықтың атасы, жер оның анасы» [14].

Қазақстанның жер орнату қызметінің орнауы және даму тарихи процессы ұзақ және күрделі болды. Қазақстанда революцияға дейін жер қатынастары Ресей империясының заңдылықтарымен реттеліп отырды. Кеңес Үкіметі 1917 жылдан кейін жер орнату органдары жер қатынастарын реттеуді, сол заманға сай жер ресурстарын қорғауды жүзеге асырды. Үкімет 1917 жылы 26 октябрьде қабылданған «Жер туралы» Декрет [15] бойынша жерлерді есепке алу аса маңызды шара ретінде қаралмады және помещик жерлерін конфискациялау және фактілік алу актілеріне қосылып отырды. Қазақстанда жерлердің өзгерісінің екінші кезеңі (1920-1922 жж.) өзінің негізгі міндеті ретінде патша саясатының жер қатынастарындағы ізін жою деп қойды. Түркістан Одағының XI съезінің белгіленіп қойған шараларға қатысты 1920 жылы қыркүйекте жергілікті халықты қамтамасыз ететін жер-су реформасын жүргізу туралы шешім қабылдады. Одан кейін шаруалардың жерді қолданушылығын тәртіпке келтіру және оның кемшіліктерін жою үшін жер есебі жерге орналасушылықпен байланыстырылады, жер есебімен және жер қолданушылығын тіркеу арасында тығыз байланыс орын алды. "Еңбекке жер қолданушылығы туралы" заң негізінде 1922 жылдың 22 мамырдан бастап жерлерді ары қарай бөлуді тоқтатып және міндетті бірыңғай жер орналасушылығынан бас тарту жай негізде ұйымдастыруға шарттар жасады.

Жер өзгерісінің үшінші кезеңін (1926-1928 жж.) Қазақстандағы "Жер туралы" деректің жүзеге асырудың соңы деп қарастыруға болады. Жер кадастрын құрастыру бойынша басқару жұмыстарын Халық комиссариаты егіншілігі РКФСР нұсқауларына қатысты 1927 жылы 22 тамыздан бастап жүзеге асырылды. 1923 жылдан бастап сол кезде болған НКЗема жүйесіндегі жерлерді тіркеу және кадастр бөліміне міндет қойылды. 1929 жылы басталған ауыл шаруашылықтарын бірыңғай коллективтендіру жер кадастрын жүргізуді шектеп тастады, кадастр бойынша жұмыстар тоқтатылды. 1930 жылдан бастап жер орналасушылық толығымен колхоздарға қызмет етуге бағытталды. 1931 жылдан бастап жерлерді бөлу жұмыстары комиссиясымен жүргізіле бастады. Оның құрамына жерге орналастырушылар, агрономдар, ауыл одағының адамдары, колхоздар кірді. 1933 жылы Халық комиссариаты КСРО егіншілік өңдеді, ал КСРО ОБХШЕ мемлекеттік жоспар жерлердің есебі бойынша нұсқауды бекітті, ол оның тәртібімен жоспарын жүйелендірді. Есеп бірінші және ағымды болып бөлінді және карточка немесе тізімдік форма бойынша жүргізілді. Оның жүргізілуі райондық жер бөлімшелерінің үлкен жерге

орналастырушыларына міндеттелді, 1934 жылы 29 мамырдан бастап "Жерлерді жер-сулары және жер қолданылуы бойынша бөлу туралы есептемелері туралы" ХКК КСРО қаулысында, жерлердің есебін берумен толықтырылды. 1935-1937 жылға дейін колхоздарға мемлекеттік акттер тарату бойынша іс-әрекеттер жүргізді. Жерлердің есебі және жер қолданушы үшін маңызы заң актілері, ХКК КСРО-нің 1935 жылы 7 шілдеде басталған "Ауыл шаруашылығына жерлерді мерзімсіз қолдануға актілер беру туралы" қаулысы 1939 жылы 27 мамырдан басталған ЦК ВКП және ХКК КСРО-ң "Колхоздардың қоғамдық жерлерін талан-тараждан қорғау шаралары туралы" қаулысы болып табылады. 1946-1950 жылдары жер орналасушылығы ауыл шаруашылығының өндірісінің рационалды ұйымдары үшін, қатысты территориалды шарттарды жасауға бағытталды, егіс айналымын енгізу, жер өндеудің мәдени дақылдарын көтеру. 1954 жылы 31 желтоқсаннан басталған КСРО Министрлер Одағының Қаулысымен "КСРО жер қорының бірлескен мемлекеттік есебі туралы", соған қатысты жер пайдаланушыларының және жерлердің мемлекеттік есебіне мемлекеттік тіркеу бірлескен жүйелердің енгізуі болып табылады. Жүйені басқару КСРО ауыл шаруашылық министрлігіне міндеттелді. Оның бұл сұрақтарға байланысты нұсқаулары барлық министрліктермен ведомстволарға, т.с.с. кәсіпорындар, ұйымдар үшін міндетті болды.

Қаулы бойынша бір тіркеу құжаты енгізілді, жерлерді мерзімсіз қолдануға, ауыл шаруашылық емес ұйымдармен кәсіпорындарға жерді қолдануға құқық беретін акт шығарылды. 1956 жылы 26 қаңтарда КСРО ауыл шаруашылық министрлігінің қаулысына қатысты екі жаңа құжат формаларын бекітті: Жерлерді қолдануға құқығы бар актілер және жер қолданушылықты тіркеу мемлекеттік кітаптары. 1959 жылы "Казгипрозем" жобалау институты, ал 1961 жылы "Целингипрозем" институты ұйымдастырылды, олар жер қатынастарын реттеу сферасында, жер ресурстарын қорғауда, жер орналасушылық әрекеттер жасады. Жер кадастрлық жұмыстарын жүргізудің сапалы жаңа кезеңін, 1977 жылы КСРО Министрлер Одағының №501 қаулысымен "Жер кадастрын жүргізу тәртібі туралы" басталады. Сол уақыттан бастап елде жер кадастры бірлескен жүйесімен жүргізілуде.

Әлемдік қаржы дағдарысының ауыл шаруашылығындағы көрінісі ерекше сипатымен: аграрлық дағдарыс созылмалы және агроөндірістік кешеннің барлық жүйелерін қамтиды, яғни табысы төмен ауылдық тұрғындар қиын жағдайға ұшырайды. Экономикалық мәселелер ауыл шаруашылық жерлерін пайдаланудың тиімділігін арттырудың маңыздылығын алдымызға қойып отыр. Мұнда баға паритеті, шаруа қожалықтарын қаржылай субсидиялау, олардың мүдделерін ішкі және әлемдік рынокта қорғау мен қолдау. Дәл осы жерде АҚШ, Жапония және ЕО мемлекеттерінің мол тәжірибесін үйрену пайдалы болар еді. Ресей мемлекеті әлемдегі егістіктің 10 пайызын иемденіп отыруына қарамастан, бар болғаны 1,34 пайыз ауыл шаруашылық өнімдерін өндіреді. Өз халқымызды ауыл шаруашылық өнімдерімен қамтамасыз етіп, құбылмалы баға саясатын бір жүйеге түсіруге жол ашамыз. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге жеңілдетілген несие беру арқылы, тығырықтан шыға отырып, көкөніс, жеміс-жидек, ет, сүт өнімдері секілді бірінші қажеттіліктермен

өзімізді-өзіміз қамтамасыз жасауға қол жеткіземіз. Ауыл шаруашылығы саласында тәуекелділік басым әрі шығыны айтарлықтай мол. Бірақ отандық озық әдістеріміздің табиғи жақындығы мен үнемділігін ескеруге тиіспіз, сонымен қатар тек әлемдік деңгейдегі ғылымның жетістіктері ғана ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыратындығын ұмытпайық. Жер қатынастарының ерекшелігі табыстың өзгеше түрі – жер рентасымен бөлінген. Бұл көрсеткіш, жер рентасы жерге меншіктің қатынасын, жерді жалға берудің, сонымен қатар жер телімінің табиғи және экономикалық құнарлығының, территориялық орналасуының сапалық сипаттарының сандық мәндерімен құнды және маңызды, яғни ауыл шаруашылығы жерлердің бағасын анықтауда негізгі көрсеткіш болып табылады. Жер ғылымында қоғамдық-өндірістік қатынастар жүйесімен дифференциалдық жер рентасының пайда болуы, оларды бөлінуі және иемденуінің механизмдері зерттеледі. Жер қатынастары жердің айналымын қамтамасыз жасалуының экономикалық механизмімен өзара әрекет жасайды. Бұл механизмдер жерге меншіктің түрімен анықталады. Егістік түсімін арттыратын ылғал сақтайтын технологияны қолдану заманауи ауыл шаруашылық техникасын қолданбай қол жеткізу мүмкін емес. Әлемнің дамыған елдерінің әлеуметтік-экономикалық саясатында аграрлық құрылым және тамақтану басымдылығы орын алады. Әлемдегі жер ресурстарының ландшафтық-шаруашылық жер құрылымы Ресей ғалымдары Акимова Т.А., Хаскин В.В. зерттеулері бойынша 1 кестеге сәйкес беріліп отыр [16].

Кесте 1 - Планетадағы ландшафтық-шаруашылық жер құрылымы

Жер категориялары	Планетадағы жерлер ауданы	
	млн.га	%
Ауыл шаруашылығы жерлері	3218	21,6
соның ішінде: егістік	1518	10,2
Орман және бұталар	4550	30,5
Өсімдік ландшафы	1132	7,6
Су айдыны және батпақ	1030	6,9
Құрылыс, жол және инфрақұрылым	980	6,6
Шөл және шөлейт	2270	15,2
Басқа	1720	11,6
Барлығы	14900	100,0
Ескертпе – Дереккөз [11]		


Сондықтан Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 152-153 бабтарында жер ресурстарын бағалау нақты айқындалған «жерді мемлекеттік кадастрлық бағалау мен топырақты бағалау тұрақты түрде жүргізіліп отырады». Себебі, мемлекет үшін азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз жасау басты шара және оның ұлттық экономиканы дамытудағы маңызы өте жоғары.

Мемлекетіміздегі 2003ж 20 маусымында қабылданған Жер Кодексінің 1 бабы бойынша Қазақстан Республикасының жер қоры нысаналы мақсатына сәйкес 7 санаттарға бөлінеді: ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер; елді мекендердің жері; өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жері және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жер; ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер; орман қорының жері; су қорының жері; қосалқы жер.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының аумағында табиғи жағдайлары бойынша мынандай аймақтар ерекшеленеді: орманды дала; дала; қуаң дала; шөлейтті; шөлді; тау етегі-шөлді-далалық; субтропикалық шөлді; тау етегі-шөлді; орта азиялық таулы; оңтүстік-сібір таулы аймақтар [17].

Зерттей келе, барлық елдердің басты мақсаты халқының азық-түлікке деген сұранысын қанағаттандыру болып отыр. Ал қазір біздің елімізде экономикалық даму мен экономикалық әр тараптандыруды, сондай-ақ аграрлық өндіріс пен азық-түлікті тұтынудың жоғары үлгі-қалыптарымен қатар, әлемдік конъюнктураның көмір сутегіне тәуелсіздігін қамтамасыз ететін «жасыл экономикаға» бағыт ұстанған үдемелі индустриялық-инновациялық бағдарлама жұмыс жасайды [18].

Мемлекетіміз индустриалды-аграрлы елге жатады. Еліміздегі егістік ауданының жалпы көлемі-24794,6 мың га, 1 адамға шаққанда-1,28 га/адам. Ал егістіктің 1 адамға келетін ауданы аймақтар бойынша келесідей: солтүстікте-4,2 га/адам; шығыста-0,8 адам/га; орталықта-0,7 адам/га; батыста-0,5 адам/га; оңтүстікте-0,3 адам/га. Бұдан шығатын қорытынды оңтүстікте орналасқан 7 миллионнан астам халықтың біраз бөлігін солтүстік ауыл шаруашылық зоналарына қоныстандыру мүмкіндіктерін қарастыру қажет. Солтүстік өңірдегі егістіктің ауданы 15590,5 мың га, оның – Қостанай облысында-5143,3 (33,1%) мың га, Ақмола -4844,2 (30,5%) мың га, Солтүстік Қазақстан-4371,4 (29,4%) мың га, Павлодар-231,6 (7%) мың га (сурет 1) [19].



Сурет 1 - Қазақстан Республикасы аймақтарында 2020 жылы 1 адамға келетін егістік ауданы, га/адам

Жері қиыршық тас пен құм болып келетін Израиль мемлекетінің тәжірибесін алсақ, олар ауыл шаруашылығы саласында инновацияны қолдану арқылы 8 млн. халқын азық-түлікпен қамтамасыз жасап қоймай, экспортқа көптеп азық-түлік өнімдерін шығарады. Дамыған елдердің 1 гектар егістігі қанша адамды асырауға мүмкіндігі барлығын Ресей ғалымы Глебова А.Г. зерттеу дерегіне сүйенсек: Бельгия-12,5 адам, Германия-8 адам, Жапония-26,5 адам, Нидерланды-16,5 адам, Ұлыбритания-8,0 адм, Швейцария-16,5 адам [20].

Жердің бағасы оның өндіріс құралы ретінде натуралдық және бағалық көрсеткіштер жүйесі көмегімен өнімділік қабілетін сипаттайды. Жерді экономикалық бағалау жердің кадастрлық жүйесінде сипатталады. Жердің экономикалық, шаруашылық құндылығын, сапасын әр түрлі жерлердің өнімділік қабілеті анықтайды. Экономикалық көрсеткіштер жүйесі көмегімен, шаруашылық жағдайының барлық экономикалық және табиғи кешенді жүйесін ескере отырып, Жер кадастрының құрамында жерді экономикалық бағалау жерді-бағалау жұмысының соңғы кезеңі, ауыл шаруашылығында жерлерінің құндылығын өндіріс құралы ретінде салыстырып отырып анықтайды. Жерді экономикалық бағалаудың мақсаты жер ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану мәселелерін объективті түрде шешуге бағытталған, ұлттық экономикадағы шаруашылықтың экономикалық механизмдерін жетілдіру болып табылады. Жерді экономикалық бағалау (1 га) аудан бағасы, оның бонитет мәліметтеріне орналасу ерекшелігін ескеру, топырақтың нақты ресурсына, өсіруге мүмкіндік болатын дақылға және басқа жағдайларға сүйене отырып орындалады. Жерді экономикалық бағалау жалпы және жеке бағалаудан тұрады [21].

Бірінші бағалау топырақ құнарлығының объективті көрсеткіштері және егіншіліктің интенсивті деңгейіне жеткендегі жерді пайдалану тиімділігінің көрсеткіштерімен анықтайды. Ол өсірілетін ауыл шаруашылық дақылдарының барлық шығындары және нәтижелерін ескере отырып шығарылады. Осы бағалаудың нәтижесі жер ресурстарын ұтымды пайдалану шараларын жоспарлауда керек. Жерді бағалау жер рентасында, жерге төлемде (жер салығы, жалгерлік төлемде) және жер ресурстарын пайдалануда алынған барлық кірістерде көрініс табады.

Ауыл шаруашылық жерлерінің ішіндегі жыртлатын, көп жылдық өсімдік, ағаштар егілетін (бақтар, жүзімдіктер т.б), үй іргесінде пайдаланылатын жерлерге және шабындықтар мен жайылымдарды ұтымды пайдалану маңызды мемлекеттік шараға жатады. Сол үшін топырақты пайдалану мен оның құнарлығын арттырудың келесі тәсілдерін жетілдіру керек:

- а) топырақтың су, ауа, жылу тәртібін жақсарту;
- ә) топырақтардың қабаттар арасындағы заттар айналымын үдету және микробиологиялық үрдістерді дамыту;
- б) егістікті арам шөптер мен зиянкестерден және ауыл шаруашылығы дақылдарының кеселінен сақтау;
- в) су және жел эрозиясынан сақтау;
- г) өсімдік қалдықтары мен тыңайтқыштарды топыраққа жасыру;

д) топырақты өңдеу тәсілдерін жетілдіру.

Зерттелген деректерге сүйенсек, топырақтың пайда болуы, қасиеттерінің қалыптасуымен өзгеруі табиғи ортаның әсерімен тікелей байланысты болғандықтан, жер бетінде алуан түрлі топырақтар кездеседі. Қазақстан Республикасында тек қана жазықтық өңірінің өзінде 700-ден аса топырақ түрі бар. Олардың морфологиялық белгілері, химиялық, физикалық-химиялық қасиеттері және құнарлылығы әр түрлі. Дегенмен топырақтардың қасиеттерін, ерекшеліктерін жақсы біліп, түсініп және оларды тиімді пайдалану үшін классификациялау қолданылады.

Қазақстан Республикасының топырақтарын жіктеу жүйесі Кеңес Үкіметі тұсында басталған. Қазақстан топырақтарын жіктеу жұмыстарын белгілі ғалымдар К.Д. Глинка (1923 ж.), Е.В. Лобова (1948 ж.), Ө.О. Оспанов (1976 ж.), С.И. Соколов, М.А. Глазовская (1948 – 1952 жж.), А.А. Соколов (1977, 1980, 1987 жж.), А. Мамытов (1982 ж.), Тазабеков Т.Т. (1994 ж.), Р.Е.Елешев (1995 ж.), Жамалбеков Е., Білдебаева Р. (1997 ж.), Фаизов К.Ш. т.б. жүргізді. «Қазақ Республикасы топырақтары» атты 1960-1983 жылдары басылып шыққан 14 томдық монографияларда және 1981 жылы жарық көрген "Қазақстанның жазықтық жерінің топырақтарының тізімі және диагностикалық белгілері" атты кітапта топырақтанушы ғылымдарымыздың Қазақстан топырақтарының жіктелуі және жүйелеу және топырақты бағалау саласындағы біраз еңбектері бар. Сөйтіп еліміздің топырақтарын жіктеудің және топырақ номенклатурасының ғылыми негізі орнықты түрде қалыптасты. Елімізде топырақтардың аймақтық таралу заңдылықтары, топырақ жамылғысының ерекшеліктері анықталды [22-25].

Елбасы жер ресурстарының қоғам дамуындағы айрықша рөліне тоқтала келе «Жер табиғи байлықтармен және жылжымайтын мүлікпен қатар экономиканы көтеріп тұрған киттердің бірі болып табылады» деп тұжырымдаған болатын. Бүкіл адамзат қауымының арғы-бергі тарихына көз салсақ, жер мәселесінің ерекше мәнге ие болатындығын байқаймыз. Жер – адамзаттың басты тіршілік көзі, бүкіл материалдық өндірістің базистік негізі, мемлекетті құрып, дамытудың аса маңызды геосаяси факторы. Оның осындай маңызын түсіне және пайдалана білген, ресурстық мүмкіндіктерін дұрыс бағалаған және қоғамда жердің маңызы туралы нақты көзқарас қалыптастыра білген елдер ғана жақсы жағдайларға жеткен.

Еуропадағы өркениетті үдерістердің тарихи қалыптасуын осының мысалы ретінде қарастыруға болады. Мұнда жер ресурстарының географиялық орналасу жайы, оның табиғи әлеуеті, ауа райының тұрмыс-тіршілікке қолайлылығы дамыған қоғам құруға орасан зор ықпал етті.

Жердің сан түрлі қасиеті бар. Ол қасиеттер осы уақытқа дейін қоғамның даму жағдайына байланысты ашылып келеді. Мәселен, біздің қазақ халқы ертерек уақыттары өзінің тарихи қалыптасқан көшпенді тұрмыс салтына сәйкес жерді мал жайылымы ретінде көбірек пайдаланып келсе, соңғы кездері егіншілік саласында да жақсы табыстарға жетіп отыр. Соның бір мысалы ретінде Қазақстанның әлемдегі ірі көлемде астық экспорттайтын елдердің қатарына қосылғандығын айтуға болады. Былтыр 29 миллион тоннадан астам

астық бастырып, рекордтық көрсеткішке қол жеткіздік. Мақта шаруашылығында да соңғы бес жылда болмаған мол өнім алынды. Әрине, осылардың барлығы бізде жүргізілген реформалардың, соның ішінде жер реформасының дұрыс бағытта екендігін білдірсе керек. Еліміздің егістік жерінің келешек мүмкіндігі жоғары екендігін мына мысалдан көруге болады. Әлемнің әртүрлі елдерінде халықтың егістік алқаптармен қамтамасыз етілу көрсеткіші мынандай: Канадада 1 тұрғынға – 1,48 гектар, АҚШ-та – 0,63 гектар, Қытайда – 0,08 гектар, Жапонияда – 0,03 гектар жерден келсе, біздің Қазақстанда 1 тұрғынға 1,51 гектар жерден айналады.

Ауылшаруашылық жерлерін тиімді пайдалану көрсеткіші табиғи-климаттық жағдайлармен және шаруашылықтардың қолданатын технологияларының даму деңгейімен, әлемдегі жер ресурстарын пайдалану жетістіктерімен анықталады.

Елбасы өзінің «Қазақстан жолы» кітабының «Жер мәселесінің эволюциясы» атты тарауында «Реформаны әзірлей отырып, біз кеңестік Жер кодексі қоғамның жер қатынастары жөніндегі қажетін қанағаттандырмайды деген қорытындыға келдік. 1991 жылы маусым айында қабылданған «Жер реформасы туралы» заң жердегі әртүрлі шаруашылық формаларының тиімді қызметі үшін құқықтық және экономикалық шарттарды қалыптастыруға арналған еді. Сонымен бірге, бұл заң жеке меншік институтын енгізген жоқ. Ол тек аграрлық сектордағы дағдарысты жағдайларды еңсеру шартын ғана туғызды. Бұл заңның өтпелі кезеңдік сипаты болғандығын бәрі де түсінді», – деп мәселенің пісіп-жетілу сипатын атап көрсетті [26].

Қазақстанда жер қатынастары мәселесінде бірте-бірте, яғни эволюциялық даму жолы таңдап алынды. Тәуелсіздік алған жылдан бері Мемлекет басшысының елімізді дамыту жөнінде алға қойған стратегиялық мақсатына, Үкіметтің сол стратегияны жүзеге асыру жөніндегі жоспарларына сай жүргізіліп келе жатқан жер реформасы қазіргі күні өзінің шешуші сәтіне аяқ басты. Елімізде жер қатынастарын жаңа заман талаптары негізінде айқындап, тұрақтандыруға бағытталған, жер байлығымызды ел байлығына айналдырудың маңызды мәселелерін шешкен Жер кодексі қабылданып, жүзеге асырыла бастады. Бұл уақытқа дейін жер қатынастарының социалистік жүйесінен нарықтық экономиканың жағдайына бейімделген жаңа жер қатынастарына көшу жер реформасын жүргізудің бастапқы кезеңінің негізгі міндеті болып келгені белгілі. Ол үшін жерге мемлекеттік меншік монополиясын жою мен жердің кейбір санаттарына жеке меншікті енгізу, жер телімдеріне жер пайдалану және жеке меншік құқығын беру, оны заңды түрде жылжымайтын мүлік ретінде тіркеу, жерді ақылы пайдалану жүйесін қалыптастыру, жер телімдерінің кадастрлық бағасын анықтау, мемлекеттік емес ауылшаруашылық ұжымдарының түрлерін қалыптастыру, жаңадан нарықтық жағдайға бейімделген мемлекеттік жер кадастрын қалыптастыру секілді шаралар қабылданып, жүзеге асырылды. Рет-реті, кезең-кезеңімен жүзеге асырылған осы шаралар бір – бірімен қосыла келе, жер телімдерін нарық айналымының бірінші сатысына шығару ісін қамтамасыз етті.

Қазіргі күні қоғамымызда жер қатынастары мәселесінде әртүрлі пікірлердің айтылып қалатындығы жасырын емес. Бір есептен мұндай мәселелердің көтерілуі орынды да. Енді осындай жайттарға көз жіберіп байқасақ, көп мәселе заңдардың дұрыс және дер кезінде орындала бермейтіндігіне келіп тірелетіндігін немесе адамдардың жеке өз кемшіліктеріне байланысты болып келетіндігін байқаймыз. Мәселен, көптеген адамдар жердің қадірі мен маңызын кезінде дұрыс бағалай білмеді. Өз бетінше шаруашылық құрып, жермен жұмыс істеуді қалыптастырып ұйымдастыра алмады. Айталық, кезінде мемлекет ауыл шаруашылығы саласында еңбек ететіндерге кеңшар, ұжымшарлардың таратылуына байланысты босап қалған алыс қыстаулардағы жайылымдық жерлерден тиісті үлес бергенімен мұның маңызына ешкім мән беріп жатпады. Ол жерлерге сол өңірлерде бұрыннан мекендеп келе жатқан шопан отбасылары болмаса, көп адамдар қызыға қойған жоқ. Ал енді қазір мал санының көбеюіне байланысты бұрынғы қыстаулар мен жайлаулардың да қадірі арта бастады. Мұндай жерлер мал өсірем деушілер үшін бірте-бірте құт-береке көзіне айналып келеді. Сөйтіп, кезінде жер қадірін дұрыс бағалай алмағандардың біразы сан соғып қалды. Ал енді осыған мемлекетті кінәлауға бола ма? Осы жағдайға жергілікті шенеуніктердің жер заңдылықтарын бұра тартатындығы немесе оны өздері де дұрыс түсінбей әрекет ететіндігі келіп қосылады. Міне, осыдан барып қоғамда жер қатынастары мәселесінде түсінбестік жағдайлардың бар екендігі байқалып қалады. Шындығында, мұны жер жөніндегі саясаттың, идеологияның кемшілігі деп айту дұрыс емес. Ол белгіленген саясатты орындау, жүзеге асыру барысындағы немесе қоғамда қалыптасып қалған бұрынғы теріс көзқарасқа байланысты кемшіліктер. Осы ақиқатты түсініп, ұққанша да әлі біраз жылдар қажет болар. Сонымен, бүгінгі күні мемлекеттің жерге қатысты жүргізетін саясаты толық айқындалып, олар заң негізінде бекітті. Ендігі мәселе, осы заңдылықтардың қалай сақталып, орындалатындығына байланысты. Мұның өзі Жер ресурстарын басқару комитетімен қатар ендігі салмақ жүгі ауып отырған жергілікті әкімдіктерге орасан зор міндеттер жүктейді және олардың аталған мәселеде білікті болуын талап етеді. Ол үшін, әрине, жер иеленушілер мен пайдаланушыларға нарық еркіндіктерін бере отырып, мемлекет тарапынан болатын тиісті бақылау шараларын бір сәтте босаңсытпау қажет. Қазіргі күні жер қатынастарын қалыптастыру мен еліміздің жер ресурстарын басқару саласында мемлекеттік саясатты дұрыс жүргізу - қоғамның бірігуі мен елдің ішкі саяси тұрақтылығын қамтамасыз етудің бір кілті екеніне көзіміз жетіп отыр.

Сөйтіп, осыдан 26 жыл бұрынғымен салыстырғанда, Қазақстан қазір көп өзгерді. Себебі, біз елімізбен жеріміздің ішкі мүмкіндіктерін ашып бере алатындай көптеген жаңа заңдар қабылдадық. Қазір соның негізінде Елбасының сара саясатымен алға басып келеміз. «Біз өз жеріміз бен табиғатымызды ата-бабадан мұраға қабылдағанымыз жоқ, біз оны болашақ ұрпақтан қарызға алып отырмыз», деді Елбасы халықтың маңызы ескірмес даналық сөздеріне сүйене отырып. Демек, елімізде қазіргі күні жүріп жатқан жер қатынастары саласындағы реформа - бұл тек бүгінгі күннің ғана мәселесі емес, сонымен қатар болашақ ұрпақ қамы. Бұл жер саласындағы мемлекеттік

саясаттың басты қағидасы. Міне, осыны ескере отырып жұмыс істеу еліміздің кез-келген азаматының абзал борышы.

Дегенмен, жер ресурстарының әсіресе егістік жерлерді бағалаудың ұлттық экономика үшін маңызы зор және оның қажеттілігі айқын. Аталған мәселе мемлекеттің саясатымен үндесіп жатыр және ауылшаруашылық жерлерінің құндылығын арттыра отырып, бәсекеге қабілетті отандық азық-түлік өнімдерін нарық кеңістігіне шығару мүмкіндігіне ие боламыз.

1.2 Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы жерлерін кадастрлық бағалаудың әдістері

Нарық қағидаларына сай жер учаскесі - жылжымайтын мүлік болып табылады. Ал жылжымайтын мүлік объектісінің нарықтық құнын анықтағанда, бағалаудың табыстық, шығындық және салыстырмалы сату әдістері қолданылады. Нарықтық құн - объектіге бәсеке жағдайында екі жақты толық ақпаратпен қамтамасыздандыра отырып жасайтын келісіміне сай берілетін ықтималды бағасы. Бағалаудың салыстырмалы сату әдісі - нарықта ұқсас объектілерді сату, сатып алу келісімдерін сараптай жасалатын тәсіл және сараптама нәтижелері бағаланатын объектіге қажетті түзетулер арқылы енгізіледі [27].

Нақты меншіктің сату бағасы ұсыныс және сұраныс арасындағы тепе-теңдікті бейнелейді, егер жылжымайтын мүлік нарығындағы жағдайлар өзгермесе, онда сипаттамалары бойынша ұқсас объектілер бірдей бағамен бағаланады. Бірақ, сипаттамалары бойынша абсолютті бірдей жылжымайтын мүлік объектісі болмайтындықтан, негізге алынған объектімен бағаланатын объектінің айырмашылықтарын ескере отырып, түзетулер енгізіледі. Қазіргі кезге дейін Республикамызда жер учаскелерін сату болмағандықтан, нарық талабына сай бұл әдісті қолдану мүмкіншілігі болмаған.

Шығындық әдісін күрделі құрылымды жылжымайтын мүлік объектілерін бағалау үшін қолданады. Әдістің идеясы - жер учаскесінің бағасына тиісті сипаттамадағы ғимаратты салу шығындарын қосу арқылы жылжымайтын мүлікті бағалау. Бұл әдісті үйлерді, ғимараттарды, өнеркәсіп, сауда объектітері үшін берілетін жер учаскелерін бағалауда толық қолдануға болады. Содай-ақ шығындық әдісті барлық тозған мүлікті қалпына келтіру немесе оның құнын анықтау арқылы қайтару тәсілі десе де болады.

Жылжымайтын мүлікті бағалаудағы үшінші әдіс табыстық болып табылады. Мұнда екі негізгі тәсіл пайдаланылады: тікелей капиталдандыру және табысты капиталдандыру. Бұл әдіс күту принципіне негізделеді, яғни, объектінің құны оның алдағы уақытта әкелер табысына байланысты анықталады. Бағалау кезінде ықтимал тәуелділік масштабы (жылжымайтын мүлік нарығындағы) ескеріледі. Одан кейін ол ағымдағы құнына шегеріледі, дисконтталады. Табысты капиталдандыру әдісінде жылжымайтын мүлік объектісінің келтіретін пайдасы бағаланады. Мүлікті сатып алушы оны пайдаланудан пайда табуды жорамалдайды. Бұл әдістің кемшілігі – объектінің бағалау дәлдігінің төмендігі.

Нарықтық экономикалы елдерде ауыл шаруашылық жерлерді бағалаудың келесідей негізгі көрсеткіштері бар:

жердің өнімділігі:

а) жалпы бағалау көрсеткіші ретінде – 1 гектардан алынатын жалпы өнімнің ақшалай құны ($ЖҚ$, тг/га);

ә) жеке бағалауда – натуралды түрде негізгі ауыл шаруашылық дақылдарының түсімділігі ($ДТ$, ц/га), малдардың өнімділігі ($МӨ$, ц/га) және оларды ақшалай бағалағандағы 1 гектарға келетін өнімнің жалпы құны.

Шығындардың өтелінуі ($ШӨ$) – натуралдық және ақшалай түрде есептелінетін жеке және жалпы бағалау көрсеткіші және шығындардың бірлігіне келетін өнім мөлшерімен есептелінеді.

Дифференциалдық пайда ($ДП$) – жақсы жерлерден түсетін салыстырмалы қосымша өнім және табыс мөлшерін көрсететін таза пайданың бөлігі. Жерлерді жеке және жалпы бағалаудағы белгілі сападағы жерлердің ауданының бірлігіне келетін нормадан артық қосымша пайданы көрсетеді:

$$ДП = ЖҚ - Ш - П_T \quad (1)$$

мұндағы, $ЖҚ$ - өнімнің жалпы құны;

$Ш$ - шығын;

$П_T$ - қажетті таза пайда.

Жерді бағалау ауданы шегінде жерді бағалау ақпараттары өңделіп, қорытындыланады және бағалау шкаласы жасалынады. Жерді бағалау ауданы табиғи ауыл шаруашылығы аудандастырудың бірлігі болып табылады. Қазіргі кезде қолданылатын ауыл шаруашылығы алқаптарды бағалау бойынша ауыл шаруашылығы алаптардың бағалары нормативтік бағалар арқылы есептелінеді.

Жерді бағалау жұмыстарын жүргізгенде әкімшілік ауданның территориясы ең оңтайлы жер аумағының бірлігі болып табылады. Ауданның территориясы, ауылшаруашылық алқаптары бойынша топырақ сапасына, өсімдіктеріне және мал шаруашылығының мамандандырылуына байланысты бағалау учаскелеріне, контурларға бөлінеді.

Аудан бойынша бағалық зоналау – территорияны құндылығына егістіктер, жайылымдар және шабындықтар бойынша түбегейлі дифференциялау мүмкіншілігін береді. Жерді бағалық зоналауда аудан бойынша ауа-райы, топырақ және геоботаникалық зерттеулер мен ізденіс жұмыстарының материалдары түбегейлі зерттеліп, бағалау негізі ретінде алынады.

Жердің кадастрлық (бағалау) құнын анықтаудағы ең ыңғайлы және ең төменгі бірлік – топырақ контуры. Әр контур бойынша, жердің тұздылығы мен механикалық құрамына байланысты, мелиорациялық жай-күйіне байланысты орташа салмақтық өнімділік (центнер/гектарға) және егістіктің құны – теңгемен анықталады. Бағалық контурлар жалпы қабылданған тәсіл бойынша, әріқарай бағалау әдістерімен біріктіріледі [28-30].

XX ғасырдың 80-жылдарында Мәскеудің Орталық экономика-математикалық институты жасаған әдістеме негізіне сүйенсек, 1-ші кезеңде құнарлығы нашар жерді пайдаланғандағы тұйықтаушы шығын анықталады.

Мұндағы басты қағида қоғамды шекті шығынды анықтау, яғни жерді пайдаланушының өнім шығаруды ұлғайтуға бағыттауы болып табылады немесе тұйықтаушы шығын деңгейі жер ресурстарының жекелеген шығындарымен анықталады. Мұнда нақты жердің ренттік бағалауы өнімнің тұйықтаушы және жеке шығынының айырмашылығымен табылады [31].

Жерді бағалау жұмыстары және оның экономикалық тиімділігі жөнінде көптеген ғалымдардың зерттеу еңбектері бар: Уильям Петти, А.Смит, Д.Рикардо, К.Маркс, С.Г.Струмиллин, В.В.Докучаев, Н. М.Сибирцев, С.С.Соболев, А.И.Скворцов, С. Д.Черемушкин, И. В. Дегтерев, Т.С.Хачатуров, Н.Ф.Реймерс, М.Н.Лойтер, А.Э.Сагайдак, Е.Упуцев, Т.И.Есполов, М.Орынбеков, А.Сабилова, О.Абралиев, С.Мұқаұлы, т.б. Келтірілген зерттеушілердің еңбектеріне 1.1 бөлімде тоқталып өттік.

Ауыл шаруашылығы жерлердің өнімділігінің төмендеуі табиғат пен адамдардың шаруашылық барысындағы қарама-қайшылықтардан туындап жатыр. К.Маркс өз еңбегінде атап көрсетті "Адамзат біз өзіміздің табиғат игерудегі жеңістерімізбен көп мақтанып кетпейік. Кез-келген осындай жеңіс үшін ол бізден өшін алады. Әрбір мұндай жеңіс, шынын айтқанда, алдыдан біз күткен нәтижелерге ие болады, алайда екінші және үшінші кезекте мүлде басқа біз күтпеген, алғашқылардан маңызын өте жиі жоққа шығаратын нәтижелер туындайды".

Академик С.Г.Струмиллин жер ресурстарын экономикалық бағалауды анықтаудың негізіне еңбек өнімділігін алуды, яғни "шығындық" әдісті ұсынады. Ғалымның зерттеулері бойынша жер ресурстарын "табиғаттың тегі сыйы" деп қарастырады. Өз еңбегінде жасаған тұжырымы бойынша: жер ресурстарын экономикалық бағалауға сол территорияны игеру мен шаруашылық айналымға жұмсалған еңбек шығыны алынады [32].

С.Г.Струмиллиннің шығындық тұжырымдамасы көптеген әдістемелерінің негізінде алынды: минералды-шикізат, орман, су ресурстарының құны бағаланды. Осыған қарамастан, соңғы 60-70 жыл көлемінде жер ресурстарын экономикалық бағалауда ренталық әдісіне басымдылық берілуде. Әсіресе Ресей ғалымдары: К.Г.Гофман, Т.С.Хачатуро, Н.П.Федоренко еңбектерінде ресурстарды экономикалық бағалауда сапалық ерекшелігі ең басты көрсеткіш болуы керектігін, яғни бағалаудың объектісі екендігін жақтады [33-35].

1.3 Ауыл шаруашылығы жерлерін кадастрлық бағалау әдістерінің жетілдіру жолдары

Бүгінгі күнде жерді бағалаудың қажеттілігі жер қатынастарының өзгеруіне және жерді пайдалану құқығын сату-сатып алу мүмкіндігінің пайда болуына байланысты өсуде.

Ауыл шаруашылығы жерлерді тиімді пайдалануды ұйымдастыру негізінде жерді экономикалық бағалау жалпы мемлекеттік жер-кадастрының құрам бөлігіне кіреді. Жер учаскелерінің сапасы әр түрлі болғандықтан, олардың әр қайсысына жұмсалған бір көлемдегі еңбек әр түрлі өндірістік нәтиже береді. Бұл жағдай өндірісте ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізу

көрсеткіштеріне әсерін тигізеді. Сондықтан жер кез-келген өзге өндіріс құралы сияқты өзінің өндірістік қабілетіне сай бағалануы тиіс.

Жерді бағалау нәтижелері іс жүзінде нақты мәселелерді шешуде, жерді тиімді пайдалану мен талдауды жоспарлауда, жер төлемдерін реттеуде, жер пайдаланымдардың оңтайлы мөлшерін анықтауда, жерді пайдалануды және қорғауды бақылауда, жерді алып қою кезінде шығындарды қайтаруда атқаратын міндеті зор.

Қазіргі кезде кез келген жағдайда пайдалануға болатын жерді бағалау әдістемесі көзделмеген. Жер халық шаруашылығында әртүрлі рөл атқарады. Мақсатына байланысты жерді әр тұрғыдан бағалауға болады. Соған орай бағалау әдістері де әр түрлі болады. Мемлекетіміздің әр даму сатысында жерді бағалаудың әр түрлі жүйелері болды. Мәселен кеңестік Қазақстанда жерді бағалауда топырақтарды бонитеттеу, Республика аумағын табиғи-ауыл шаруашылығы және топырақ климаттық аймақтау, жерлерді экономикалық бағалау жұмыстары жүргізілген. Осы жұмыстар нәтижелері ауыл шаруашылығы салаларын орналастыруда, жоспарлауда, ауыл шаруашылығы өнімдерінің сату бағаларын жіктеуде, реттеуде, жердердің пайдалануын салыстырмалы талдауда пайдаланылды [36-40].

Ауыл шаруашылығында жер негізгі өндіріс құралы болып қаралады. Бұл жағдайда ауыл шаруашылығы алқаптарының көлем бірліктерінен түсетін жалпы кірісті, шығын мен таза пайданың қатынасын анықтау және капиталдау коэффициенті (банкілік пайыз + тәуекел ету) арқылы жердің нормативтік бағасын есептеу бойынша жердің құны анықталады.

Жер – қалалар және басқа да елді мекендер (кенттер, селолар және ауылдар) үшін, құрылыс, өндіріс, байланыс және тағы басқасы үшін орналасу базисі. Бұл ретте, жердің нормативтік бағасы – оны пайдалану мақсатына, салынатын объектінің бағасына, алынатын өнімнен түсетін кіріске, инфроқұрылымының дамуына, табиғи жағдайына және т.б. факторларға байланысты анықталады [41].

Ерекше қорғалатын объектілерде, жер - ерекше қорғалатын территориялардың объектісі (табиғи қорықтар, ұлттық парктер, мәдени және демалу парктері мен орындары, т.б.) ретінде бағаланады. Бұл жердерді бағалау негіздеріне қорғалатын топырақтардың, өсімдіктер және жануарлар әлемінің құндылығын және олардың қоршаған ортаға, адамдардың денсаулығына тигізетін әсерлерін белгілейтін факторлар алынады. Бағалау салыстырмалы, сандық, сапалық және ақшалай көрсеткіштермен анықталуы мүмкін.

Орман қоры жерлері - өндіріс құралы және ерекше қорғалатын территория ретінде бағаланады. Сондай-ақ, су қоры жерлері де әр түрлі бағаланады: су ресурстарының өндірісте пайдалану маңыздылығына, фаунасы мен флорасының құндылығына т.б. байланысты бағаланады [42-44].

Жер табиғат байлықтарының: мұнай, көмір, әр түрлі қазба байлықтары, су, құрылыс материалдарының қоймасы болып табылады. Бұл жерлерді бағалауда жердің құндылығы ғана есепке алынып қоймай, оларды пайдалануда өсімдік жамылғысына, қоршаған ортаға, ландшафтқа, геологиялық құрылымға және

гидрогеологияға келтірілетін зияндарына байланысты мәліметтер де есепке алынады.

Еліміздегі қазіргі кездегі әр түрлі санаттардағы жерлерді бағалау әдістері мен әдістемелері жерді нарық айналымына толығымен енгізу мүмкіндігін беріп отырған жоқ. Жалпы жерді бағалау әдісі және бағыты қоғамның даму деңгейіне, мемлекеттің, жеке азаматтардың және заңды тұлғалардың жер ресурстарын пайдалану қажеттілігіне және мазмұнына байланысты. Қазіргі негізгі әдістеме тек ауыл шаруашылығы жерлерін бағалауға бағытталған, ал басқа санаттардағы жерлерді бағалауға тиімсіз. Дегенмен де, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді бағалау әдістемесінде де бір қатар оқулықтар бар. Бұл проблемалардың басты себебі, бағалау нәтижелерінің нарық конъюнктурасына, яғни, жағдайына сай еместігінде.

Жалпы жер учаскесін бағалауда екі жақ та (сатушы және сатып алушы) бағаға әсер етуші факторлар жиынтығын басшылыққа алады. Бұл нарық талабы. Ал әлемдік тәжірибеде қалыптасқан жылжымайтын мүлік объектісін бағалау екі сатыда жүргізіледі. Бірінші сатысында аймақтық және жергілікті жер нарығындағы экономикалық жағдай зерттеледі. Соның нәтижесінде, нақты уақыт ішінде тұтынушылардың жалпы қалауы бойынша, бағаланатын жылжымайтын мүлік объектісін пайдаланудың ең дұрыс, әрі тиімді түрі туралы қорытынды алынады. Жылжымайтын мүлікті пайдаланудың жақсы варианты таңдалғаннан кейін, бағалаудың екінші сатысы жүргізіледі. Нақтырақ айтқанда Батыс экономикасының тәжірибесінде жылжымайтын мүлік объектісін бағалауда үш негізгі әдіс пайдаланылады: салыстырмалы сату әдісі, шығындық әдіс және табыстық әдісі.

Қазақстанда жер реформасының өтуіне байланысты жерді бағалау маңызды рөл атқара бастады, әсіресе бағалау жұмыстары ауыл шаруашылығы мекемелерінің өндірістік шаруашылықтарының, алқаптардың және ішкі шаруашылық жер учаскелерінің шекараларын белгілеуде, территориялық бірліктерін анықтауда маңызы зор. Себебі, бағалау нәтижелері іс жүзінде көптеген мәселелерді шешуде қолданылады, атап айтсақ:

- ауыл шаруашылығы мекемелерінің әрекеттерін сараптауда және шаруашылық жоспарлауда, өнім өндіретін шаруашылықтардың жер өңдеудегі есептерін негіздеуде;

- жер пайдалануды ұтымды, әрі тиімді ұйымдастыруда: алқаптардың тиімді ауданын анықтау, шаруашылық бөлімшелердің материалдық және еңбектік қорларын оптимальды мөлшерін анықтау, сонымен қатар өндіріс көлемін анықтау;

- жердің өндірістік және технологиялық қасиеттерін жақсарту мақсатында, сондай-ақ жер пайдалануда шығындарды азайту мақсатында шараларды дайындап ұйымдастыру;

- жер қатынастарын реттеу: жалға алу барысында, жалға алу құнын негіздеуде; жер пайдаланымдарды қорғауда және бақылауда; жер иелері мен жер пайдаланушылар арасындағы, жалға алушылар мен берушілер арасындағы талас-тартысты шешуде, олардың арасында әр түрлі мәмілелер жасасуда;

- жерлерді қайта орналастырғанда, мемлекет қажеттілігіне алынғанда, табиғи апаттарда шыққан шығын мөлшерін қабылдап қоюда [45].

Қазақстан Республикасының агроөндірістік кешенінің қазіргі таңдағы дамуында басты проблема тек жерге меншіктің өзгеруіне ғана байланысты емес, сондай-ақ ауыл шаруашылығы тауар өндірушілер үшін қолайлы экономикалық жағдай жасау, ауыл шаруашылығының ғылыми-техникалық деңгейінің өсуі және қалпына келуін қолға алу проблемалары да көкейтесті болып табылады. Бұл проблемаларды шешу, жерге орналастыруды ең тиімді түрде шешуде, жерлерді бағалауды ғылыми негізделген тиімді әдіспен іске асыруға септігін тигізері хақ [46].

Дегенмен де, нарықтық экономикаға көшу барысында бағалау жұмыстарының саласында еліміз бірнеше нәтижелерге жетті. Атап айтсақ:

- жылжымайтын мүлікті бағалаушыларды дайындайтын арнайы мамандандырылған орталықтар ашылды;

- методикалық нұсқаулар дайындалды;

- жылжымайтын мүлікті іс жүзінде бағалау жүріп жатыр [30].

Бірақ, жылжымайтын мүлікті бағалаудың методикасы мен оны іс жүзінде қолданудың бірқатар олқылықтары бар. Осы олқылықтар мен проблемаларды шешудің жолдарына және оны келешекте дамыту әдістеріне тоқталайық. Қазақстан Республикасында 1990 жылдан бастап, сол кезде таңдаған стратегияға сәйкес, жер қатынастарын нарықтық жағдайға сай етіп оңтайландыру, өзгерту үрдісі жүріп жатыр. Нарықтық экономикаға өтуімізге байланысты ақылы жер пайдалану енгізілді. Қазіргі кезде әрбір жер учаскесі меншік нысаны ретінде заң жүзінде жылжымайтын мүлік ретінде танылады және нарықтық қатынас объектісі болып табылады. Сәйкесінше, жер учаскесі құқықтық реттеу объектісі ретінде салықтық салымдар және басқа да төлемдер үшін бағалық құнына ие болуы керек. Сол кезде «неден бастау қажет?» деген заңды сұрақ туды. Өтпелі кезеңдегі барлық ауыспалы экономикалы елдерде алғашқы жер нарығының құрылуында серпіліс беретін көрсеткіш керек болды. Мемлекет жекешелендіру үрдісі кезінде жерді пайдалануға және иеленуге бере бастады. Бұл жағдайда алғашқы жер нарығының қалыптасуы келесілерді қамтыды: жер учаскелерін мемлекеттік меншіктен жеке меншікке өтеулі негізде бір уақытта сату жолымен беру операциялары немесе заңнамаларда көзделгендей уақытша пайдалануға беру, сондай-ақ, өтеулі мақсатта жер пайдалану құқығын беру операциялары [31].

Бұл проблемаларды шешу үшін біздің ел әлемдік тәжірибеге сүйенді. Толыққанды жер нарығы қалыптасқан елдерде жер бағасының екі түрі орныққан: нормативтік (кадастрлық) және нарықтық. Нормативтік (кадастрлық) жер бағасы, ол тұрақты ақпарат база негізінде есептеледі, жер нарығының айналымында жер бағасының бастапқы деңгейі ретінде қолданылуы мүмкін және салық салымдарында да, тағы басқа мақсаттарда да қолданылады. Нарықтық баға экономикалық тепе-теңдік кезінде сұраныс пен ұсыныстың қатынасына сай қалыптасады. Әлемдік тәжірибені саралай келе, Қазақстан Республикасында бірінші нормативтік көрсеткіштер қолданылды, оны жер учаскесінің базалық ставкалары деп атады. Ал жер учаскелерінің

ерекшеліктерін ескеру үшін базалық ставкелерге түзету коэффициенттері қолданылды, яғни, рентаны құрайтын факторлер ескерілді. Бұл базистер, стандарттар алғашқы жер нарығын қалыптастыру үшін қажет болды [32].

Кейінірек рента құраушы факторларды және базалық ставкаларды қолдану арқылы кадастрлық бағалау құны анықталды. Мұнда методикалық негіз ретінде нарықтық бағалау әдістері пайдаланылды, яғни, шығындық және табысты капиталдау әдістері, салыстырмалы сату әдісі қолданылды. Осылайша біздің елде базалық ставкалардан нарықтық құнға, нарықтық бағалау әдістерімен есептелген, рента құрайтын көрсеткіштер арқылы өту жолы таңдалды.

Жерді кадастрлық бағалаудың дамуы – заңдық-нормативтік және методологиялық негіздерінің жетілуімен көрінді:

Бірінші кезең (1992-1996 жж.) – жер учаскелері үшін базалық ставкалардың және түзету коэффициенттерінің анықталуы.

Екінші кезең (1996-2002 жж.) – түзетілген базалық ставкаларды және нарық конъюнктурасын ескеретін түзету коэффициенттерін пайдалану арқылы жерлерді нормативтік кадастрлық бағалау жүргізілді.

Үшінші кезең 2003 жылы Жер Кодексін қабылдаған уақыттан басталды. Бұл кезде жерлердің кадастрлық бағалануы нарықтық конъюнктураны ескеріле отырып жасалды.

Осындай жолмен, жерлерді нарықтық-кадастрлық бағалаудың дамуы үш кезеңмен байланысты, ал оны өз кезегінде әр жыл сайын жердің нарықтық талабына сай түзетіп, өзгертіп отыру қажет.

Қазақстан Республикасында нарықтық жағдайда, қазіргі таңда жер мен меншік қатынастарының және мүдделерінің жүйесі құрылуда. Мұндай мүдделер екеу:

1) Басқармалық. Шаруашылық-қызметтік (жер қорының құрылымы) жеке және ортақ қоғамдық қарама-қайшылықсыз.

2) Нарықтық. Жер меншігінің тауарлы-ақшалы параметрлері, онда қоғамдық және жеке мүдделердің қарама-қайшылығы бар, иегерлер арасында бәсекелестік байқалады.

Жалпы екі мүдде де мемлекеттік реттеуді қажет етеді, әсіресе ауыспалы экономика кезінде:

- бірінші топтың мүдделерін реттеу – жер қорын бөлумен және қайта бөлумен реттеледі;

- екінші топтың мүдделерін реттеу – кадастрлық бағалау арқылы реттеледі, мұнда, кадастрлық құн – жер айналымын реттеудің басты тетігі.

Қазақстанда бағалық жұмыстар екі бағытта дамуда: мемлекеттік (міндетті) және тәуелсіз – екеуі де енді-енді аяққа тұруда. Мемлекеттік (міндетті) бағалау Әділет министрлігінің жылжымайтын мүлікті бағалау орталықтарымен реттеледі. Мемлекеттік жерді бағалау жер ресурстарын басқару комитетімен жүргізіледі [33].

Жылжымайтын мүлік объектілерін тәуелсіз бағалау қызметін көрсету нарықта келесі субъектілермен ұсынылған. Бүгінгі таңда 1200 астам бағалаушылар қызмет етеді, әрине оларда қызметтеріне сәйкес лицензиялары бар, олар ресми түрде жеті бағалық палатаға біріктірілген. Іс жүзінде қызметті

әр түрлі жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, банктік құрылымдардағы, сақтандыру компаниялардағы, құрылыстық және риэлторлық фирмалардың бағалаушылары, сондай-ақ өз атынан жұмыс істейтін ұсақ бағалаушы фирмалар да қызмет көрсетеді. Мұндағы баста проблема – олардың (бағалаушы мекемелердің) құрылу принциптері, қағидалары, мәртебесі (статусы) және заңдық негізі анықталмаған, құрылу тәртібі де бұлыңғыр.

Осыларды ескере отырып, Қазақстанда бағалау жұмыстарын ұйымдастыру-әдістемелік шараларын реттеуді жоғарғы деңгейге көтеру керек деген тұжырым жасауға болады, әсіресе оның қызметін реттейтін салада.

Тәуелсіз бағалауда бәсекелестік әлсіз, кәсіптік мамандар дайындауды да жоғарғы дәрежеге жеткізу керек, сонымен қатар тәуелсіз бағалаушылардың бағалау қызметінің нәтижесін қадағалау қажет. Бұл шараларсыз бағалау нәтижелері мемлекеттік жер кадастрының мәліметтер базасына енбей қалуы мүмкін. Бұл бізде әлі толық қалыптаспаған әлемдік стандарттар аксиомасы. Ал мемлекеттік бағалау өз кезегінде, нормативтік-заңнамалық базаны жетілдіруді қажет етеді. Сондай-ақ, екі бағалау түрі де өзара және ішінара нашар үйлестірілген [34].

Интеграцияланудың және реттеудің негізі келесі стандарттар болуы керек:

- кадастрлық: кадастрлық құн, базалық ставка, рента құрайтын түзету коэффициенттері, бағалау әдістемесі, мемлекеттік бағалау есебінің түрі;
- кадастрлық-нарықтық: бағалаудың мемлекеттік мақсатының классификаторы, жіктеуші, жерді алып қою кезінде бағалау әдістемелері, нарық конъюнктурасының, жағдаятының индексі;
- нарықтық: бағалау мақсатының жіктеуші, бағалау әдістемесі, бағалық құнының типтік базисі;
- жалпы ортақ стандарт: жер учаскесі құнының тізімі (реестрі).

Қазіргі әр тарапты, мақсат анықсыз жағдайда бағалау жұмыстары өзінің барлық бөлімшелерінің бірігіп жұмыс атқаруын, дамыған елдердегідей инновациялық бірегей бірлестіктерінің құрылуын қажет етеді. Мұндай бірлестіктің мемлекеттік қызметінің мақсаты: салық салымдары үшін бағалау базасын құруда; бағалау стандарттарын, лицензиялауды және кәсіптік білім беруді, оқытуды жетілдіруде болады; жылжымайтын мүлік құнының реестрін құру үшін бағалау нәтижелеріне сараптама жүргізу, әрі оны қадағалау.

Мемлекеттегі нарықтық қатынастардың жылдам, әрі қызу дамып жатқанына байланысты жылжымайтын мүлікті мемлекеттік және жалпы бағалау қажеттігі туып отыр. Бірақ қазіргі кезде бұл процесті кім және қалай реттейдіндігі белгісіз. Жалпы бағалауда кімге, қай органға мойын бұру керек – мемлекеттікке ме, әлде тәуелсіз бағалаушыларға ма? Неге олардың арасында өзара байланыс жоқ? Жалпы бағалауға қай мемлекеттік орган жауапты? Фискальды қызмет ұйымы салық салынатын объектілер жайлы нақты ақпарат алуы үшін, кадастрлық жүйеге әр түрлі бағалау нәтижелерін қалай енгізу керек? Міне осындай сұрақтар алдағы уақытта шешімін табуы қажет.

Қазақстан Республикасында жоғарыда аталған проблемалар шешілмеген. Осы проблемаларды шешудің бір мысалы ретінде Дания мемлекетінің тәжірибесін қолданса болады. Онда, бағалаудың 224 эксперттік комиссиясы

қызмет етеді. Комиссия мүшелерін Салық салу Министрі тағайындайды. Әрбір комиссия өзіне бекітілген аймақтың бағалау нәтижелеріне жауап береді. Сонымен қатар, бағалау нәтижелерін қадағалайтын 27 қадағалау кеңесі бар. Бұл кеңестің мүшесіне бағалау комиссиясының төрағасы кіреді. Бағалау нәтижелері өз кезегінде Данияның Ұлттық Кадастрының жер реестрында Автоматтандырылған Ақпарат Жүйесінде тіркеледі.

Дегенмен біздің елдегі проблемалардың өзегі болып, кадастрлық жүйе мен жалпылай бағалау жүйесінің арасындағы қатынас пен өзара байланыста. Себебі, жалпылай бағалау көрсеткіштерін мемлекеттік кадастр жүйесіне енгізу анықталмаған. Жоғарыда аталған бағалау сферасындағы проблемаларды шешу үшін әрине сәйкес келер нормативтік -заңнамалық база құру қажет:

- нарық талабына сай жердің кадастрлық құны туралы Үкіметтің қаулысын қабылдау және оны іске асыру;

- нарықта жылжымайтын мүлік мониторинг қызметінің және оның құрылып, қызмет ету регламентін дайындау;

- стандарттарға сай бағалау жұмыстарының методикасын және нормативтік анықтамасын дайындап шығару [35-36].

Қазіргі кезде, жер салығы біздің елде салықтық ставкалар арқылы жиналатынын ерекше атап өту керек, ал әлемдік аналог бойынша жер салығы жер учаскесінің жылжымайтын мүлік ретіндегі бағалық құнының пайыздық көрсеткіштеріне сай тағайындалып белгіленуі керек. Бұл сәйкессіздік Салық кодексіне қажетті түзетулерді талап етеді, әйтпесе бұл проблема бағалау жұмысында ретсіз әрі теріс қатынасты тудырады. Жер ресурстарын тиімді басқару үшін, қазіргі Салық Кодексі кезінде де жалпылай бағалауды бәрібір өткізу қажет [37].

Жалпылай бағалау нарықта бағалау жағдайын дұрыс сипаттау үшін, мүмкіндігінше жылдам өткізілуі керек, себебі кадастрлық (бағалық) құн нарықтық құнның көрсеткішін бейнелейді. Осы жерде жалпылай бағалау мерзімі бір жылды қамтуы керек екендігін атап өту қажет. Уақыттың осындай тығыздығына және атқарылатын жұмыстың көптігіне әрі молдығына сай келесі талаптарды ескерген жөн:

- жұмысқа барлық бағалаушыларды тарту қажет: мемлекеттік және тәуелсіз, оның үстіне бұл жұмыстарды қаржыландыру және әдістемелік басқару бір орталықтан болуы қажет;

- бірегей әдістемелік орталықтан басқа ортақ тәуелсіз сараптама орталығы қажет, әрине құзіреті бар мемлекеттік органдар басқармасының қадағалануымен;

- жалпылай бағалау әдістемесі әрі қарапайым, әрі тиімді де қолайлы болуы керек. Бұндай талапқа сараптамадан өткен түзету коэффициенттер және базалық ставкалар әдістемесі сай келеді, әрине болған өзгерістерді ескере отырып жасаса;

- жалпылай бағалау бастапқы және ағымдық балуы керек;

- ортақ әдістемелік орталық, кадастрлық құнның реестрін жүргізетін уәкілетті орган болуы керек, ал эксперттік комиссия барлық мүдделі тараптардан құрылып, салық қызметі оларды қадағалауы қажет.

Кадастрлық жүйе мен жалпылай бағалау жүйесі арасындағы өзара байланысқа ерекше тоқталу керек. Олар бір ортақ жүйе ме, әлде әр түрлі жүйелер ме?

Кадастрлық жүйе жылжымайтын мүліктердің кадастрлық құнының бірыңғай тізімін (реестрін) жүргізетіні белгілі. Бағалауды әр түрлі ведомстволар жүргізуі мүмкін екендігіне байланысты, олардың бір-біріне бағынуының қағидаларын да қарастыру қажет. Осы жерде барлық бағалау құны туралы ақпарат кадастрлық құнның бірыңғай реестріне келіп түсуі керек екенін де атап өту керек. Міне осы кезде жалпылай бағалау жүйесі тиімді болар еді [38].

Кадастрлық бағалау құны да, мемлекеттік міндетті және тәуелсіз бағалау есептері де Мемлекеттік жер кадастрының Автоматтандырылған Ақпарат Жүйесі арқылы және Әділет министрлігінің Жылжымайтын мүлік орталықтарының жылжымайтын мүлік тізімі (реестрі) арқылы кадастрлық жүйеге бағалаудың барлық есептері негізінде келіп түсуі керек. Бағалау нәтижелеріне жауаптылықты үш уәкілетті органға жүктеу керек: Салық комитеті, Әділет министрлігі және Жер ресурстарын басқару Комитеті, ал экспертизаны Қаржы және экономика министрлігі жүргізуі қажет.

Бұл таңда жылжымайтын мүлік нарығының мониторингін жүргізу қажеттілігі бар. Бұл шынайы қажеттілік. Жылжымайтын мүлік бөлшегі ретінде жер нарығының мониторингі жер учаскесіне төленетін төлемдік базалық ставкаларын арақідік жаңарту қажет.

Базалық ставка жер учаскесінің нормативтік (кадастрлық) құны болып табылады. Нормативтік құн мемлекеттің жер айналымын реттеуінің құралы және барлық нарықтық экономикасы дамыған елдердегідей салық салымының мөлшерін анықтау негізі болып есептеледі. Сондықтан, жер учаскесінің базалық төлем ставкалары уақытша көрсеткіштер емес, керісінше салық ставкалары сияқты тұрақты. Дегенмен де, базалық ставка нарық жағдаятына сай түзетіліп отыруы қажет. Ал базалық ставкаға жерге деген сұранысты есептеу үшін, түзету коэффициенттері (арттыратын және кемітетін) қолданылады. Түзету коэффициенттерін өз кезегінде рента құраушы фактор ретінде әр жыл сайын нақтылап отыру қажет.

Жалпы қазіргі кезде, мемлекеттің бағалау жұмыстарын қажетті түрде толық үйлестіре алмауына байланысты, жер учаскесі бағаларының нормадан тыс айырмашылығы он шақты есе өсіп, кеміп өзгеріп отыр (әсіресе үлкен елді-мекендерде). Сонымен қатар, жер қатынастарында спекулятивтік көлеңкелік жағы да көрініс тауып отыр. Бұл процестер базалық ставкаларды есептеу әдістемесіне деген сенімсіздікті тудырады, себебі кадастрлық (бағалық) құн нарықтық жағдайға сай емес. Нарықта жердің құны сұраныс пен ұсыныстың әсерінен туады. Бірақ, бұл жерде жер учаскесінің кадастрлық құны жердің алғашқы нарығын қалыптастыру үшін және бірінші кезекте фискальді органдарға қажет екендігін атап өту қажет. Және де, кадастрлық (бағалық) құнның негізінде базалық ставканың және рента құраушы факторлардың нарықтық әдістемесі жатқандығын ескерсек, нарық жағдаятына сай әр кезең сайын жер төлемдерінің базалық ставкаларын қайта қарастырып, түзетуге болады деген түйін түйуге болатынын атап өту қажет.

Өкінішке орай Қазақстан қалаларындағы, елді мекендердегі (Астанадан басқа) базалық ставкаларға 1995 жылдан бастап еш бір түзетулер мен жаңартулар енгізілмеген. Сондықтан барлық елді мекендердің базалық ставкалары 1995 жылғы нарық деңгейін сипаттап көрсетеді. Бұл жер учаскелерінің бағасындағы қисынсыздықтардың ең басты себебі.

Бұл үрдісті ретке келтіруді мемлекет екі бағытта шешкені абзал:

1) жер учаскесіне төленетін төлемдік базалық ставкелерін және түзету коэффициенттерін нарықтағы бағаның өсу не кему ырығына, индексіне сай қайта қарастыру.

2) үкіметтің 2 қыркүйек 2003 жылғы №890 қаулысына қажетті толықтырулар мен түзетулер енгізу.

Осындай әрекеттер арқасында бағалау процесі әрі мемлекеттік, әрі нарықтық талаптарға сай тәртіпке ие болады. Мысал ретінде, Үкіметтің 2 қыркүйек 2003 жылғы қаулысына келесідей өзгертулерді енгізуді ұсынуға болады:

1) базалық ставканы өзгерту шегінің нормасын – екі еселегеннен гөрі (бағалау кезінде базалық ставканың +/- 50 пайыз өзгеруі) халықаралық «шекті баға» стандартын енгізу керек, яғни, жер учаскесін пайдаланудағы тиімділіктің ең жоғарғы құны және аз шығыны анықталып, қолданылады;

2) жер учаскесінің бағаларына мониторингті жүргізу институтын қалыптастыру;

3) жылжымайтын мүліктің нарығындағы талапқа сай базалық ставкаға нарық индексін енгізу;

4) жердің пайдалану нысанына және мақсатына байланысты, мемлекеттік мүддені ескере отырып, түзету коэффициенттерді жердің нарықтық құнына сай қайта қарастыру қажет [39].

Зерттеу материалдары көрсеткендей, жерді бағалау жұмыстары -жер кадастры жүйесінде экономикалық, өндірісте қолданылатын жердің құндылығын, табиғи және экономикалық жағдайларын есептеудегі экономикалық көрсеткіш көмегімен топырақтың әр түрлілігімен өндірістік қабілеттілігін анықтаумен сипатталады.

Жоғарыда айтылған ғалымдардың зерттелген еңбектерінде, авторлар сыртқы факторлар әсерінен (өндіріс орындарынан, энергетика, әскери-өнеркәсіп кешендерінен, шаруашылықтық-тұрмыстық тастандылардан, автокөліктерден бөлінетін қатты және сұйық, газ күйіндегі тасталымдар) және эксплуатация үрдісіндегі жердің құнының өзгеруі есептелмеген.

Нәтижесінде егістік жерлер зиянды және қауіпті факторлардың әсерінен өсірілетін өнімнің экологиялық құнын және өнімін төмендетеді. Осы айтылған факторлардың салдары Солтүстік аймақтардың облыстарында басты мәселе.

Мысалы, Қостанай облысының жерлерін техногенді ластануы қаланың өнеркәсіптік аймақтарында, пайдалы қазбаларды өндіру мен өңдеу аймақтарында таралған. Бұл аймақта қоршаған ортаны Троиц ГРЭС күл үйінділерімен және Соколов-Сарыбай тау-кен байыту қалдық қоймаларымен ластануы маңызды мәселесі болып саналады.

Жалпы айтқанда жерді экономикалық бағалау – экономикалық көрсеткіштері бойынша экономикалық құнарлықты салыстырмалы бағалау болып табылады. Сондықтан дұрысы кадастрлық (бағалау) құны үшін келесі ғылыми тапсырмаларды жүргізу керек:

- Қазақстан Республикасының егістік алқаптарының сандық –сапалық мәліметтерін талдау;

- Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы жерлерін табиғи ауыл шаруашылығы аудандастыру ерекшеліктері;

- егістік жерлерді кадастрлық бағалау тәсілдерінің әдістемесін негіздеу;

- егістік жерлердің топырақ жамылғысының құнарлығына өндірістік объектілерден және қоршаған ортаға байланысты жер ресурстарының ластануына әсер ететін факторларды ескере отырып жерді кадастрлық бағалаудың эколого- экономикалық критерилерді айқындау әдістемесін әзірлеу;

- Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге төлемақының базалық ставкасын дайындау әдістемесі;

- Солтүстік аймақтар жағдайына байланысты егістік жерлерді кадастрлық бағалау әдістемесін жасау;

- әлемдік деңгейдегі озық агротехнологияларды және инновацияны қолдану;

- түсімі жоғары бидай түрлері мен сорттарын егу;

- егістіктің құнарлығын арттыру бағытында ғылыми-зерттеулер жүргізу т.б. Жерді бағалау үшін жер бағалық аймақтау жүргізіледі.

Жыртылатын жерлердің нормативтік базалық бағасын есептеу екі саты бойынша жүргізіледі:

- 1) бағаланатын топырақ топтарының нормативтік бағасының шкалалары құрылады;

- 2) алынған бағалау шкалалар негізінде жыртылатын жерлердің нормативтік бағасы есептеледі.

Жерді бағалау туралы екі бағыт айқындалды: топырақтың сапасын бағалау және жерді бағалау. Топырақ сапасын бағалау негізгі және алғышарты болып табылады. Жердің сапасын бағалау үшін оның әр түрлі табиғи қасиеттері өнімділігі тұрғысынан және әр түрлі климаттық жағдайдың топырақ түрінің әсері айқындалады.

Қазіргі кезде топырақ бонитетін бағалаудың бірнеше варианттары белгілі. Оларды негізгі екі түрге бөлуге болады: біріншісі – топырақтың қасиетіне байланысты өнімділігін ескеріп, бонитетін бағалау; екіншісі – жерді өнімділігіне байланысты, табиғи қасиетін ескеріп бағалау.

Топырақтың бонитет балдары оның сапалық қасиеттерінің сандық көрсеткіші болып табылады, аймақта өсірілетін басты дақылдың көпжылдық орташа түсіміне сәйкес болады. Бонитет балдары ауыл шаруашылық дақылдарын өсіруге қолайлылығын анықтауға, оларды тиімді пайдалануды жоспарлауға мүмкіндік береді.

Жер – тұтыну құндылығы, оның құны жоқ, тек тұтыну құндылығын, материалдық өнімдерді өндіруге қажетті жағдай. Жердің бағасы оған табиғи тән нәрсе емес, ол тек қана қоғамдық өндіріс және тұтыну қатынастарында

пайда болады. Сондықтан жердің бағасы тауар өндіруге қажетті жеке жер бөлімшелерінің тұтыну құндылығының көрінісі. Жеке жер бөлімшелерінің сапасының әр түрлілігіне байланысты ол жерлерде өндірілген өнімдердің құны да әр түрлі болады. Сапалы жерлерден нашар жерге қарағанда әлдеқайда көп тұтыну құны өндіріледі. Бірақ сапалы жерлер көп емес, әдетте шектеулі. Иелену түріне қарамастан, жерге шаруашылық нысаны ретінде әрқашан монополия болады. Былайша айтқанда жерге монополия болуына байланысты дифференциалды рента туындайтын алғышарт бар.

Дифференциалды рентаның алғышарттары – бір жағынан монополия болса, екінші жағынан жердің сапалық өзгешеліктері, сондай-ақ тауарлы өндірістік қоғамдық қарым – қатынастар.

Табиғат ресурстарын рентамен бағалаудың басқа әдістерге қарағанда артықшылығы бары даусыз. Ренталық қағидаға сәйкес тиімнің екі категориясы ажыратылады: дифференциалдық тиім және ренталық тиім. Дифференциалдық тиім халық шаруашылығының кез келген саласында пайда болуы мүмкін. Ол ғылыми-техникалық жетістікті қолдану және еңбекті жақсы ұйымдастыру нәтижесінде еңбек тиімділігін арттыру арқылы дербес шығынды қоғамдық қажетті шығыннан азайтқандағы үнемді көрсетеді.

Рентаны есептеу өте маңызды теориялық және әдістемелік мәселе болып табылады. Кейбір ғалымдар рентаны есептеу үшін нақты қалыптасқан табиғат ресурстарын пайдалану шығындарын қолдануды ұсынады. Бірақ, ол салыстырмалы ресурстардың әділ бағасы бола алмайды. Рентаны анықтаудың басты принципі нақты ресурсы пайдаланғанда алуға болатын халық шаруашылығына ең жоғары тиімді анықтағыш болуға тиіс. Бұл мәселе тек табиғат пайдалану саласымен ғана шектеліп қалмайды. Ол салааралық сипатта және барлық салаларда үйлесімді іс-әрекеттерді талап етеді [40-44].

Қазақстан Республикасында мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға жерлердің ауыл шаруашылығы айналымында нысаналы пайдаланылуына ауыл шаруашылығы қоры жерлеріне түгендеу жүргізу, үздік әлемдік тәжірибені ескере отырып, жерді ұтымды пайдалану және құнарлылығын арттыру мәселесін қарастыру жүктелген. Тиімді жер нарығын құру маңыздылығын Президент 2014 жылғы 17 қаңтарда Қазақстан халқына Жолдауында да атап өтті.

Қазіргі таңда жеке иелікке және ұзақ мерзімге жалға берілген ауыл шаруашылық жерлердің едәуір бөлігі топырақ құнарлығын сақтау бойынша шараларды өткізбей ұтымсыз пайдалануда. Жер ресурстарын басқару Комитетінің мәліметіне сай ауыл шаруашылығына арналған жерлердің 15 % тиімсіз қолдануда. Жерді ұтымды пайдалануды бақылау 2015 жылы 3 шілдеде № 11549 қабылданған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларына сәйкес жүргізіледі. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігімен бірлесе отырып, жерді ұтымды пайдалану өлшемдерін нақтылау бөлігінде жер заңнамасын одан әрі жетілдіру бойынша жұмыс жүргізуде. Нәтижесінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалануға қойылатын қосымша талаптар енгізілетін болады:

1) жердің құнарлығын сақтауды және арттыруды (егістіктің жыртылған қабатындағы жалпы гумус құрамының, жеңіл гидролизделетін азоттың, жылжымалы фосфордың және ауыспалы калийдің белгіленген деңгейі);

2) негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарының белгілі бір өнімділік деңгейін сақтауды және арттыруды;

3) ауыспалы егістің сақталуын;

4) мал шаруашылығы өнімін өндіру кезінде жайылымда оңтайлы жүктемені қамтамасыз ету;

5) топырақтың құнарлылығы мен мелиоративтік жай-күйін сақтауды және жақсартуды;

б) ауыл шаруашылығы алқаптарының шаруашылық айналымынан шығып қалуын болдырмауды, жерге арамшөп пен ағаш бұта өсімдіктерінің өсіп кетуіне, сондай-ақ тұрмыстық және өндірістік қалдықтарымен қоқыстауына жол бермеуді;

7) ауыл шаруашылығы дақылдарынан қалған қалдықтар мен жанама өнімдерді ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің өңделген учаскелерінде өртеуге жол бермеуді қамтиды.

Бұдан бетер, жерді ұтымды пайдалану талаптарын сақтағаны үшін жауапкершілікті арттыру көзделіп отыр:

- жер Кодексінің 93-бабына ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын сақтамау оны алып қоюға негіз болуы мүмкін жөніндегі норманы енгізу;

- жер учаскесін немесе оның бір бөлігін нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланбау;

- жер учаскесін немесе оның бір бөлігін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларында айқындалған талаптарды бұза отырып пайдалану;

- осы Кодекстің 99-бабында белгіленген талаптарды сақтамау;

- жер учаскесін экологиялық жағдайды едәуір нашарлатуға әкеп соғатындай етіп пайдалану жатады.

Жердің өндіріс құралы ретіндегі қасиеттері, оның ерекшелігін басым ете түседі, өйткені ол әрі тіршілікпен қамтамасыз ететін өнімдердің тікелей көзі, әрі еңбек ету объектісі, әрі абсолюттік және дифференциалдық рента түріндегі қосымша табыз көзі болып саналады [45].

Жердің бұл маңызы уақыт өткен сайын сақталып қана қоймай, мүдделері әртүрлі және көбіне қарама қайшы болып келетін жер қатынастары субъектілерінің иерархиясы: жеке тұлғалар, олардың жеке қауымдастықтары, мемлекеттер біртіндеп құралатын қоғамның тіршілік қажеттіліктерінің ұлғаюы нәтижесінде, өсе береді. Оның мазмұндық сипаты, сапасы, қызметі мен мүмкіндіктері біртіндеп нақтыланды.

«Жердің пайдалы қасиеті» дегеніміз табиғи түрдегі өнім, олардың «пайдалы» және «тиімді» пайдаланылуын ажырату қажет. «Тиімді» сөзі өндіріс өнімінің оны дайындау мен сатуға жұмсалған шығыннан жоғары болуын білдіреді. Бұрынғы еңбек нәтижесі болып саналатын негізгі өндіріс құралдарының объектілері үшін, амортизациялық аударымдардың жинақталуы

шешуші маңыз атқарады әрі олар кейіннен осы өндіріс құралдарын қалпына келтіру мен ауыстыруға бағытталады. Жер басқа түрдегі негізгі ресурс, оның қасиеттері табиғи, мұнда амортизация қарастырылмайды, алайда өндіріс құралы ретінде ол да өніммен бірге шығарылатын құнарлылық қорының бір бөлігін қайта қалпына келтіруді қажет етеді. «Пайда» және «тиімділік» терминдері нәтижелерді бағалаудың табиғат қорғау тәсілдерін білдірмейді. Бұл ретте автор «ұтымды» және «тиімді» сөздерін теңестірмейді.

Жерді ұтымды пайдалануды, динамикасын пайдаланудың ұтымдылығын бағалау көрсеткіші деп есептеуге болатын, сандық және сапалық көрсеткіштер жүйесі арқылы анықталатын табиғи ресурс ретіндегі ауыл шаруашылығы алқаптарының бастапқы қасиеттерінің сақталуымен сипатталатын, жер пайдаланудың экологиялық құраушысы ретінде түсінген дұрысырақ болады. Жер негізгі өндіріс құралы болып саналатын аграрлық сала қаржылық және материалдық шығындармен қоса жүреді және белгілі бір нәтиже алуға бағдарланады. Қаржы бөлу мен нәтижелер шамаларын өлшеу, жер пайдалану тиімділігі ретінде түсіндірілетін өндіріс тиімділігінің деңгейін көрсетеді. Өнеркәсіпке қажетті шикізатпен және азық-түлікпен қамтамасыз ететін құраушы ретінде жер, табиғатты қорғай пайдалануды ынталандыратын және жердің табиғи қасиеттері мен тиімділігін орны толмас төмендетуге жол бермейтін ұйымдастыру, экономикалық және құқықтық тетіктер (реттеушілер, нормалар мен институттар) жиынтығы арқылы сала экономикасын реттейтін заңға бағына отырып, жер қатынастары жүйесін құрады, адамдардың жермен жасалатын әрекеттерінің текесрілген әдістер мен тәсілдер арқылы қоғамға қажетті шекте, формада жүргізілуін бағыттап, ынталандырады. Оларды дербес зерттеу тақырыбы ретінде айқындау – жер ресурстарының көп қызметтілігімен және адамдардың қоныстану орындары ғана емес, тіршілік көзі ретіндегі маңызымен анықталатын, объективті қажеттілік.

Ұйымдастыру шараларына: аумақты аймақтауды, жерге орналастыруды, ақпараттық жабдықтауды, жер учаскесі көлемінің шектерін белгілеуді, жер меншігін және жермен мәмілелерді тіркеу тәртібін, жер технологияларын, пайдалану түрлері мен формаларын шектеуді жатқызуға болады.

Жер қатынастарын реттеудің экономикалық шаралары жер пайдаланушылардың ренталық табыс алуды қамтамасыз ететін және жердің сапалық қасиеттерін сақтайтын шаруашылық жүргізу жүйесін таңдауды бағдарлауы үшін құндық өлшеуіштерді пайдалануды қарастырады.

Жер үшін төленетін төлем Қазақстан Республикасы жер кодексімен және Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 22-маусымдағы «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдер туралы» заңымен (Салық кодексі) реттеледі. Салық кодексінің ерекше бөлімінде 59-62 баптарда осы Кодекспен белгіленген салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер көзделіп кеткен.

Салықтардың ішіне жер салығы және мүлікке салынатын салықтар енеді. Шаруа қожалықтарына арнайы жер салықтары қолданылады. Төлемдердің

ішіне жер учаскесін пайдаланған үшін төленетін төлемдер және айрықша қорғалатын аумақтарды пайдаланған үшін төлемдер енеді.

Меншіктегі, тұрақты жер пайдаланудағы немесе бастапқы ақысыз уақытша жер пайдаланудағы жер учаскелеріне Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес жер салығы салынады. Мемлекет уақытша ақылы пайдалануға (жалға) берген жер учаскелері үшін пайдалану төлемақысы алынады.

Қазақстан Республикасының аумағындағы жер учаскесін басқа мемлекеттерге жалға берген кезде жер учаскесін пайдалану төлемақысының мөлшері Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда айқындалады.

Мемлекет ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін беретін жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын айқындау кезінде жер учаскесінің сапалық жай-күйіне, орналасуына, сумен қамтамасыз етілуіне, қызмет көрсету орталықтарынан қашықтығына байланысты түзету (арттыратын немесе кемітетін) коэффициенттері қолданылады.

Алқаптардың түрі мен топырақтардың үлгісі бойынша жер учаскесінің сапалық жай-күйі жер-кадастр карталары топырақ, геоботаникалық, топырақ-мелиорация және басқа зерттеу материалдары негізінде анықталады [46].

Бағалаудың ең басты мақсаты- егістік жерлердің кадастрлық бағасын бағалау әдістемесін жетілдіру бағытында ғылыми және практикалық ұсыныстар ұсыну.

Елімізде ауыл шаруашылық жерлерін бағалау келесі міндеттерге сәйкес жүргізіледі:

- жер ресурстарын кадастрлық бағалаудың ғылыми негіздерін саралау;
- ауыл шаруашылығы зоналарындағы орналасқан егістік алқаптарының топырақ түрлері мен типінің сандық-сапалық көрсеткіштерін анықтау;
- ауыл шаруашылығы жерлерін табиғи аудандастыру ерекшеліктерін зерттеу;
- егістік жерлердің сапалық көрсеткіштерін жүйелі талдау;
- егістіктік жерлердің кадастрлық құнында зиянды және қауіпті факторлар коэффициенттерін негіздеу;
- егістік жерлерді бағалау жұмыстары әдістемесін жетілдіру бойынша тұжырымдар мен ұсыныстар әзірлеу және негіздеу.

Қазақстан Республикасы егістік алқаптарының және топырақтың негізгі үлгісі мен типіне байланысты сандық-сапалық мәліметтерін талдау.

Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы жерлерін табиғи ауыл шаруашылығы аудандастыру ерекшеліктерін зерттеу.

Жерге төленетін төлемақының бекітілген базалық ставкаларына енгізілетін түзету коэффициенттерін есептеу.

Қосымша түзету коэффициенттерін, соның ішінде зиянды және қауіпті факторлар коэффициенттерін есепке ала отырып, ауыл шаруашылығы алқаптар бойынша кадастрлық құнды негіздеу.

Зерттеу әдістерін 5 кезеңге бөлуге болады:

- теориялық-аналитикалық;

- модельдеу;
- экспериментальдық;
- теориялық;
- ұсынылатын нәтиже.

Жоғарыда аталған 5 кезенді 4 деңгейге бөлуге болады.

1. Эмпирикалық: (бақылау, салыстыру, есеп, өлшеу,анкеталық сұрақ-жауап, тесттер және басқалар),
2. Экспериментальды-теориялық: эксперимент, талдау және синтез, индукция және дедукция, моделдеу, гипотетикалық, тарихи және логикалық т.б.
3. Теориялық: талдау, синтез, дедукция, аксиоматикалық т.б.
4. Метатеориялық.

Ауыл шаруашылығы алқабының және топырақтың түріне байланысты жерге базалық ставкалар қолданылады. Бұл Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2 қыркүйек 2003 жылдың №890 «Ауыл шаруашылығы мақсаты үшін жерді жеке меншікке беру кезінде жер учаскесіне базалық ставкалар төлемі туралы» қаулысына сай [47].

Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастры мемлекеттік органдарды, жеке және заңды тұлғаларды жер және жекелеген жер учаскелері туралы ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі [48].

Тұйық шекарада бөліп шығарылған, белгіленген тәртіппен жер құқығы қатынастары субъектілеріне бекітілген жер учаскесі кадастрдың деректерін есепке алу мен оларды сақтау бірлігі болып табылады. Кадастрда әрбір жер учаскесі үшін оны кеңістікте бір мәнді бөлуге, мөлшерін және орналасқан жерін айқындауға мүмкіндік беретін табиғи сипаттамалар, сондай-ақ учаскенің бағалау құны белгіленеді. Сондай-ақ кадастрдың құрамына жер учаскесінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар туралы ақпарат кіреді. Жер учаскесі туралы мәліметтер осы учаскеге бекітіліп берілген нөмірі, орналасқан жері, шекарасы және мәтіндік сипаттамасы көрсетілген жер-кадастрлық карталармен арақатынасы болады.

Кадастр аэрофототопографиялық, фотограмметриялық, кадастрлық суретке түсіруді, жобалау-ізвестіру, картографиялық және бағалау жұмыстарын, топырақты зерттеу, геоботаникалық және басқа да зерттеулер мен ізвестірулерді, жер мониторингін, жерді сандық және сапалық есепке алуды және мемлекеттік жер кадастрын жүргізуге байланысты басқа да жұмыстарды жасау арқылы жүргізіледі [49].

Деректерді жинақтау жер учаскесінің кадастрлық нөмірі, жеке немесе заңды тұлғалардың - жер учаскесіне құқық субъектілерінің атауы, атқарушы органдардың кесімдері мен өзге де заңнамада көзделген құжаттар, жер учаскесінің орналасқан орны мен мөлшері, кадастрлық бағалау құны, жерді пайдалану құқығы, мақсаты тағайындауы, бөлінетіндігі және бөлінбейтіндігі, жер учаскесіне сервитуттар туралы, сондай-ақ атқарушы органдар белгілеген оны пайдалану жөніндегі шектеулер туралы ақпараттар тіркелген және сақталатын тиісті аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) деңгейінде жүргізіледі. Көрсетілген деректер аудандар (облыстық маңызы бар қалалар), облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана және тұтастай алғанда

Қазақстан Республикасы бойынша өзара салыстыруға мүмкіндік беретін меншік нысандары, жер санаттары бойынша жүйелендіріледі.

Кадастрды жүргізу:

- әзірлік жұмыстарын;
- бастапқы деректерін жинау мен өңдеуді;
- ақпараттық жүйелерді құру мен жүргізуді қамтиды.

Жер учаскелерінің желілік және алаңдық сипаттамаларына өзгерістер енгізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиісті жер-кадастрлық карталар кадастрдың картографиялық негізі болып табылады.

Кадастры автоматтандырылған жүргізу кезінде картографиялық негіз геоақпараттық технологияларды қолданумен және қағаз жеткізгіштермен көшірмелерін дайындаумен электрондық карта түрінде қалыптастырылады [50].

Жер учаскелері туралы ақпарат жерге ақпарат жерге орналастырудың деректері бойынша құралады және учаскелер мен жер алқаптарының шекарасы мен алаңдары өзгерген кезде жүйелі түрде жаңартылады. Жер учаскесі, егер оның белгіленген шекарасы болса және оған жер-кадастрлық іс жүргізілсе, түпкілікті қалыптастырылған болып саналады.

Азаматтарға және заңды тұлғаларға иелік ету не пайдалану құқығымен бұрын берілген жер учаскелерін жеке меншікке немесе пайдалануға беруді алғашқы ресімдеу кезінде жер-кадастрлық іс олардың жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органдарға берілетін өтініштерінің негізінде жүргізіледі. Жер учаскесіне құқықты куәландырушы құжаттар, ал олар болмаған кезде – бұл учаскені берген атқарушы органның шешімімен учаске шекарасының сызбасы (схемасы) өтінішке қосыла береді. Жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органдар көрсетілген құжаттарды тексеруді жүзеге асырады және осы құжаттарды жер учаскелерін жергілікті жерде зерттеу үшін кадастрды жүргізетін мамандандырылған кәсіпорындарға жібереді [51].

Азаматтардың немесе мемлекеттік емес заңды тұлғалардың меншігіндегі жерден учаске құру тек тараптардың арасында жасалған мәмілелердің негізінде ғана жүргізіледі. Азаматтардың және заңды тұлғалардың меншігіндегі немесе пайдалануындағы жерден мемлекеттік қажеттіктер үшін жер учаскесін қалыптастыру кезінде оған жүргізілген жер кадастрлық іске жаңа учаскені құру үшін учаске негіз болып табылатын жер учаскесін мемлекеттік қажеттіктер үшін алу туралы атқарушы органның шешімі, сондай-ақ жоспар (шекара сызбасы) және басқа құжаттар кіргізіледі. Мемлекеттік мұқтаждар не азаматтар мен заңды тұлғалардың арасындағы мәмілелер үшін жасалатын жер учаскесін қайта құру жағдайында жаңа жер кадастрлық іс жүргізілмейді [52].

Азаматтар мен заңды тұлғалардан еріксіз алуға не тәркілеуге жататын жер учаскесінің жер-кадастрлық ісіне сот-атқарушылық іс жүргізу құжаттары кіргізіледі. Қалыптастырылған жер-кадастрлық іс жер учаскесін жер кадастрлық кітабына жазу үшін негіз болады. Жер кадастрлық кітабы жер учаскелері есепке алынатын, жердің кеңістік, табиғи және шаруашылық жағдайы туралы анық мәліметтер қамтылатын құжат болып табылады. Жер учаскесін жер -кадастрлық кітапқа жазу кезінде оған жеке, Қазақстан Республикасының аумағында қайталанбайтын, учаске бір тұтастық ретінде бар

кезде сақталатын кадастрлық нөмір беріледі. Бұл учаске жүргізілетін жер-кадастрлық іс те осы нөмірмен сәйкестендіріледі [53].

Жер-кадастрлық құжаттама мынадай талаптарға сәйкес болуы тиіс:

- барлық деректемелерді (оларды шығарушы органның, мекеменің, ұйымның атауын, күнін, құжаттың нөмірін, мекен-жайын көрсету) толтыра отырып белгіленген үлгідегі бланкілерде орындалады;

- жер учаскелері шекараларының жоспарларын (сызбаларын) дайындау жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілейтін техникалық талаптарға сәйкес жүзеге асырылады;

- мемлекеттік құпияға жатқызылған жер учаскелерінің жоспарларында (сызбаларында) қамтылатын мәліметтер олардың құпиялылығын қамтамасыз ететін белгіленген ережелерге сәйкес пайдаланылады және сақталады [54-56].

Жерді бағалау жер кадастрының құрамды бөлігі бола отырып, халық шаруашылығы мен адамдардың әлеуметтік өмірінде пайдаланылатын табиғи ресурстардың жалпы бағалануының бір бөлігі ретінде қаралады. Ғылыми-техникалық прогресс, көп салалы экономикаға көшу, жерге жеке меншіктің пайда болуы адам және табиғат арасындағы өзара қатынастарының салалық тұрғыдан өзгеруіне әкелді. Осы жаңа факторларды ескермеуге болмайды. Сондықтан қоғамның, ең алдымен өндірістің ауыл шаруашылығы ауқымында табиғи ресурстардың рөлін айрықша бағалау қажет. Себебі, бірінші кезекте ол табиғи ресурстардың негізі – жерге қатысты. Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес жер мемлекет меншігінде. Бірақ, жер заңында белгіленгендей белгілі бір шарттарға сай жер жеке меншікте де бола алады. Заңдарға сәйкес меншік иесі жерді келісім баға бойынша сатуға, жарна ретінде шаруашылық серіктестіктің жарғылық қорына беруге және жер учаскесін кепілдікке беруге, сый ретінде тартуға, мұралыққа қалдыруға құқылы.

Жер бағасы салық салудың, жалға беру төлемін анықтаудың негізін қалап, бюджеттің кіріс бөлігінің ең бір маңызды бабы болып, әр адамның мүддесіне әсерін тигізеді. Осы жағдайлар қазіргі уақытта Қазақстанда жерлерді бағалау мәселесінің халық шаруашылық, әлеуметтік маңыздылығын шарттастырады. Сондықтан, жерлерді бағалауда экономикалық, әлеуметтік, экологиялық мәселелер ескерілуі керек. Жерді бағалауда нысаналы орын алуы, пайдалануы, салалық (экологиялық) күй-жайы, ландшафт, жер бедері, қызмет көрсету ауқымы орталықтан және өнім өткізу нарығынан алыс-қашықтығы, шаруашылықтың орналасуы ескеріледі [57].

Бірінші бөлім бойынша тұжырымдама

1. Қазақстандағы жер-бағалау жұмыстарының қалыптасу және даму динамикасы жерді бағалауды мемлекет оның дамуының барлық кезеңдерінде талап ететіндігін және жер ресурстарын ұтымды пайдалануды ұйымдастырудың басқа шараларымен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Мемлекеттің нығаюы мен дамуына қарай жер-бағалау жұмыстарының сипаты жер қатынастарын реттеу және жер ресурстарын басқару мақсаттары мен міндеттерін кеңейту мен саралауға сәйкес өзгереді және жетілдіріледі. Өткізілген талдаудың нәтижесі жер - мүлік қатынастары эволюциясының

барлық кезеңдерінде ауыл шаруашылығы жерлерін бағалау әдістері мен әдістерін жүйелеу және саралау болды.

2. Жер және аграрлық қайта құрулар, әдетте, жер-бағалау құрылымын қайта құрумен қатар жүреді. Оның қазіргі заманғы жер және аграрлық реформалардың басынан бастап дамуы жер-бағалау жұмыстарының мазмұны мен ұйымдастырылуындағы елеулі өзгерістермен, атап айтқанда, жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік институттарды көптеген ұйымдар мен бағалаушылар бірлестіктерімен алмастырумен сипатталады, бұл Қазақстан Республикасының жер-бағалау қызметін дамыған нарықтық экономикасы бар елдер деңгейіне жақындатуға мүмкіндік берді. Диссертацияда бағалау қызметін құруға институционалдық көзқарас ұсынылды, ол алғаш рет оның мәні мен мазмұнын екі ішкі жүйенің объективі арқылы қарастыруға мүмкіндік берді – негізгі (іргелі) және ерекше, олар диалектикалық бірлікте және бір-бірімен байланыста.

3. Сценарий техникасын қолдану ішкі және маңызды факторларды біріктіру негізінде Қазақстандағы бағалау қызметін дамытудың екі мүмкін нұсқасын анықтауға мүмкіндік берді: а) халықаралық экономикалық кеңістікке біріктірілген бағалау қызметінің либералды моделі; б) мемлекеттің қатысуымен бағалау қызметінің ұлттық моделі. Мүмкіндіктер мен тәуекелдерді талдау ұлттық модельді дамытудың орындылығын анықтауға мүмкіндік берді.

4. АӨК жер ресурстарын басқару жүйесін жетілдіру бағалау функциялары мен жер-бағалау жұмыстарының нәтижелерін барынша пайдалануды қамтуға тиіс. Ауыл шаруашылығы жерлерін кадастрлық бағалаудың жүйе құраушы функциялары мыналар болуға тиіс: есепке алу-өлшеу; бөлу; жерді тиімді пайдалану және қорғау; фискалдық; ақпараттық. Олардың жиынтығында олар ауыл шаруашылығы жерлерінің кадастрлық құнын бағалаудың тұжырымды ерекшеліктерін анықтайды.


5. Қазіргі кезеңде Қазақстанда жер және басқа да табиғи ресурстарды экономикалық бағалаудың бірыңғай құқықтық базасы жоқ. Қалыптастыру процесі жерді бағалау қызметіне екі көзқарасты біріктіретін биосфералық категория ретінде жердің қоғамдық маңыздылығына баса назар аудара отырып жүзеге асырылуы керек:

- жерді аграрлық ресурс және аграрлық ландшафт ретінде бағалау;
- жерді инвестициялау, экономикалық пайдалану және экономикалық айналым объектісі ретінде бағалау.

2 АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЕРЛЕРІНІҢ САНДЫҚ, САПАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ БАҒАНЫ АНЫҚТАУ ӘДІСТЕРІ

2.1 Түркістан облысының ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалану ерекшеліктерін зерттеу

Түркістан облысы – Қазақстан Республикасының оңтүстік өңірдегі облыстарының бірі (сурет 2). Облыс 1932 жылдың 10 наурызында Оңтүстік-Қазақстан облысының негізінде құрылып, 2018 жылдың 19 маусымында Президент Жарлығымен Түркістан атауына өзгертілді. Географиялық координатқа сәйкес орналасуы - $43^{\circ}18'18.31''$ және $68^{\circ}14'4.88''$. Облыс аумағы 11609,5 мың км² немесе Қазақстанның оңтүстігіндегі Қызылорда облысының батыс, Қарағанды облысының солтүстік, Жамбыл облысының шығыс және Өзбекстан Республикасының оңтүстігі аралығын қамтитын Тұран ойпатының шығыс бөлігі мен Тянь-Шаньның батыс сілемдері аумағының 4,3% құрайды.



Сурет 2 - Түркістан облысының географиялық картасы

2022 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша облыс тұрғындарының саны 2929,1 мың адамды құрайды, орташа тығыздығы бойынша 1 шаршы шақырымға 17,58 адамға сәйкес келеді [59].

Әкімшілік бөлінуі бойынша өңірде облыстық маңызы бар 3 қала, 14 аудан, 174 ауылдық округ және 824 елді мекеннен тұрады.

Облыстың геологиялық құрылымы күрделі, түрлі фазалардың есебінен аумақ тектоникасы жаңартылған. Қалыптасуына сәйкес өңірдегі жыныстар алуан түрлі.

Облыста полиметалл (Кентау, Ащысай, Байжансай, Мырғалымсай және т.б.), сонымен қатар Қаратау жотасында темір кендері бар. Құрылыс материалдарынан минералды-шикізат ресурстар: әктас, гипс, кварц құмдары, кермаикалық және бентонитті саздар, минералды бояулар, сәндік тастар өндіріледі.

Жер бедері. Түркістан облысының рельефі негізінен жазық (орташа биіктігі 200 – 500 м). Облыстың орталық бөлігі солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай Қаратау жотасымен екіге бөлінеді. Оның ең биік нүктесі-Бессаз тауы (Мыңжылқы) (2176 м). Қаратаудың оңтүстік-шығысында Боралдай жотасы (1400 – 1600 м) орналасқан. Облыс жерлерінің оңтүстік-шығысына Батыс Тянь-Шань жоталары (Өгем жотасы), Қаржантау (2800-2900 м), Қазығұрт таулары (1700 м), Талас Алатауының батыс жоталары – Кіші Ақсу таулары (2577 м), Алатау (3137 м) кіреді. Облыстың ең биік нүктесі-Сайрам шыңы (4299 м). Оңтүстік-батысында-Қызылқұм Құмы, Қарактау тауы (388 м), оңтүстігінде-Шардара даласы, Қайнақұдық Құмы, Дінбай молда жоталары (321 м), Белтау (592 м), қиыр оңтүстігінде-Мырзашөл.

Климаты. Жер бедері бойынша гетерогенді (шөл, тау бөктері мен таулар) және ендік бойынша үлкен аумағы бар аймақтың климаттық жағдайлары өте алуан түрлі.

Түркістан климаттың күрт континенталдылығымен сипатталады, оның маңызды ерекшелігі көктем мен жаз кезеңдерінің айқын контрасты болып табылады. Көктем жылы, ылғалды және қысқа, ал жаз ыстық, құрғақ және ұзақ. Қысы жұмсақ, қысқа, жиі ериді, қар жамылғысы шамалы және тұрақсыз.

Жыл бойына аз бұлтты ауа-райы күн радиациясының үлкен келуін тудырады. Күн сәулесінің ұзақтығы жылына шамамен 3000-3080 сағатты құрайды. Максималды ұзақтығы шілдеге келеді (айына 370-420 сағат).

Ең суық ай - қаңтар, орташа ауа температурасы -5,6 0С. орташа айлық ауа температурасы нөлден төмен суық кезең 3 айдан аспайды-желтоқсан, қаңтар, ақпан. Ең ыстық ай-шілде. Мамырдан қыркүйекке дейін температурасы 18 0С жоғары жылу кезеңінің ұзақтығы.

Орташа жылдық ауа температурасы -11,9 (2011); 12,2 С° (2023). Желдің орташа жылдық жылдамдығы - 3,6 м/с(2011.); 5,5 м/с (2023.) Ауаның орташа жылдық ылғалдылығы-53 %. Орташа барометрлік қысым - 718 мм, Желсіз күндер 204-тен аспайды. Рельефтің әсерін ескеретін түзету коэффициенті 1-ге тең.

Түркістан- +50 °С температурада тікелей тіркелген бірнеше облыстардың бірі, сонымен бірге 2 кестеден көрініп тұрғандай, қыста жарылған аяз болуы мүмкін.

Кесте 2 – Климаттық көрсеткіштердің жиынтық кестесі (2011-2023)

Көрсеткіштер	қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан	жыл
Абсолютті максимум, °С	24	23	31	36	41	47	49	47	42	35	28	22	49
Орташа максимум, °С	0	4	12	21	28	34	36	35	29	20	10	2	20
Орташа температура, °С	-5	-2	6	14	21	26	29	26	20	11	4	-1	12
Орташа минимум, °С	-9	-7	0	7	13	17	19	17	10	3	-3	-7	5
Абсолютті минимум, °С	-34	-39	-28	-8	-4	3	6	3	-6	-14	-32	-33	-39
Жауын-шашын нормасы, мм	21	22	29	31	22	7	3	2	3	13	22	30	205

Топырақ температурасы бойынша орташа көпжылдық деректер (2011-2023 жж.) қаңтар-ақпан айларында топырақтың орташа қату тереңдігі 30 см-ден аспайды. Соңғы 5 жылда қар жамылғысының пайда болу кезеңі небәрі 18 күнді құрады. Температурасы 5°С-тан жоғары кезеңнің ұзақтығы жылына 175-248 күнге тең, ал осы кезеңдегі температураның қосындысы 3950-4160 °С құрайды.

Су буымен қанығу дәрежесін сипаттайтын ауаның салыстырмалы ылғалдылығы жыл бойына айтарлықтай өзгереді. Қыс айларындағы ең жоғары ылғалдылық 70% - дан 78% - ға дейін. Салыстырмалы ылғалдылықтың ең төменгі мәні 37%-дан аспайды шілде-қыркүйек айларында.

Жауын-шашынның орташа жылдық мөлшері қолайлы жылдары да 250 мм-ден аспайды, кейбір жылдары жауын-шашынның мөлшері 90-150 мм-ге дейін азаяды. Жазда іс жүзінде жаңбыр болмайды, сондықтан жаз айларында жоғары ауа температурасы мен жауын-шашынның болмауы ылғалдылықтың үлкен жетіспеушілігін тудырады.

Түркістан қаласы бойынша негізгі метеорологиялық сипаттамалар мен коэффициенттер «Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының 04.11.2023 ж. № 01-10/1736 деректеріне сәйкес 3 кестеде келтірілген.

Кесте 3-Атмосфералық ауаның жай-күйінің сипаттамасы

Атаулары								Көрсеткіштер	
Атмосфераның стратификациясына байланысты коэффициент, А								200	
Жер бедерінің коэффициенті, η								1,2	
Орташа жылдық ауа температурасы								12,1 градус	
Ең суық айдың орташа айлық ауа температурасы (қаңтар)								5,1 градус	
Ең суық айдың орташа минималды ауа температурасы								9,5 градус	
Ең ыстық айдың орташа айлық ауа температурасы (Шілде)								28,4 градус	
Ең ыстық айдың орташа максималды ауа температурасы								36,4 градус	
Желдің жылдамдығы, оның асып кетуі 5% (U*)								7 м/с	
Штиль және желдің бағыты бойынша желдің орташа қайталануы									
С	СШ	Ш	ОШ	О	ОБ	Б	СБ	Штиль	
11	16	26	8	5	6	15	13	12	
Бағыты бойынша желдің орташа жылдамдығы									
2,5	3,6	3,5	2,5	2,6	3,4	3,5	3,2		

Топырақ жамылғысы. Облыс суармалы жерлерінің жалпы ауданы 574,4 мың га құрайды, олардың 515,6 мың га (90%) ауыл шаруашылығы дақылдарының егістігіне пайдаланылды, 58,8 мың га (10%) пайдаланылмады. Пайдаланылмау себебі: ыза суларының жақын жатуы – 4,8 мың га, жерлердің сортадануы – 7,9 мың га, сумен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі – 14,6 мың га және түрлі шаруашылық-қаржылық себептермен – 31,5 мың га.

Түркістан облысының аумағы топырақтардың түрлері мен түршелерінің сан алуандығымен сипатталады, қара және ашық сұр топырақтардан бастап шалғынды-сұртопырақты және шалғынды топырақтарға дейін кездеседі. Облыс суармалы топырақтарының басты ерекшелігі ондағы қорек элементтерінің төмендігі. Облыстың суармалы жерлерінде сортаданбаған топырақтар 396,1 мың га (69%) ауданды, аз сортаңды - 77,0 мың га (13%), орта сортаңды – 60,0 мың га (11%) және тұзданған – 41,3 мың га (7%) алады. Күшті және өте күшті сортаданған жерлердің көбісі Жетісай, Отырар, Шардара, Мақтарал аудандарында анықталған.

Мелиорациялық жай-күй көрсеткіштері бойынша облыс суармалы жерлері 185,5 мың га ауданда – жақсы, 166,6 мың га – қанағатты және 222,3 мың га – қанағатсыз санатқа жатқызылған.

Облыстың жазық бөлігінде жер жамылғысы сұр, тұзды, бозғылт сұр, құмды, тақыр, шалғынды топырақтардан тұрады. Тау бөктерінде шалғынды, таулы-бургундиялық топырақтар жиі кездеседі. Негізінен шөлді белдеуге тән өсімдіктер қалыптасады. Түркістан облысындағы топырақтарының аймақтық түрлерінің бөлінуі келтірілді (кесте 4).

Кесте 4 - Түркістан облысы топырақтарының аймақтық түрлерге бөлінуі

Белдік-биіктік аймақтары	Топырақ түзілу шарттары	Аймақтық топырақтар және олардың ауданы, мың га	Топырақтың таралуының әкімшілік аймақтары
«А» шөл аймағы және сұр топырақты аумаққа өтпелі аймақ	Ылғалдандыру коэффициенті $<0,1$; атмосфералық жауын-шашынның жылдық мөлшері <200 мм. орташа $t_{0>10^{\circ}}$ кезеңінің ұзақтығы 120-200 күнді құрайды. Топырақ түзуші жыныстар элювиалды-делювиалды шөгінділер	Сұр-қоңыр, тақыр тәрізді, тақыр – сұр топырақты, қалдық аллювиалды-шалғынды: 54,0	Созақ, Отырар, Арыс және Шардара аудандарының бөліктері
«Б» эфемерлік дала аймағы	Ылғалдандыру коэффициенті $<0,1-0,2$; атмосфералық жауын-шашынның жылдық мөлшері 200-300мм. орташа $t_{0 > 10^{\circ}}$ кезеңінің ұзақтығы 200-220 күнді құрайды. Топырақ түзуші жыныстар-аллювиалды, пролювиалды, сондай-ақ аралас шөгінділер	Ашық сұр топырақтар, сұр топырақты-шалғынды, шалғынды-сұр топырақты, шалғынды: 388,3	Мақтаарал, Арыс, Түркістан, Ордабасы, Бәйдібек аудандары
«В» және «Г» әр түрлі шөпті дала аймағы	Ылғалдандыру коэффициенті $<0,2-0,3$; атмосфералық жауын-шашынның жылдық мөлшері >300 мм. орташа $t_{0>10^{\circ}}$ кезеңінің ұзақтығы «Б» аймағындағыдай-200-220 күн. Топырақ түзуші жыныстар-пролювиалды, аллювиалды, делювиалды, сондай-ақ аралас шөгінділер	Қара, типтік ашық сұр топырақтар: 124,3	Сарыағаш, Қазығұрт, Төлеби, Сайрам, Түлкібас аудандары
Ескерту: автормен құрастырылды және есептелді			

Егістік алаңдарының құрылымында суармалы жерлерде ең үлкен алаңды мақта егестігі алды, ол 125,5 мың га құрады, жемшөптік дақылдар – 117,6 мың га, көкөніс, бақша, картоп – 113,3 мың га, дәнді дақылдар – 70,2 мың га, көпжылдық шөптер 64,2 мың га алды. Күріш егістігіне 4,1 мың га пайдаланылды. Мақтаның түсімділігі облыс бойынша орташа есеппен 25,1 ц/га құрады, картоп – 191,2 ц/га, дәнді дақылдар – 25,7 ц/га, күріш – 66,8 ц/га құрады.

Су ресурстары. Түркістан ауданының су ресурстары жер үсті және жер асты суларымен, жасанды су айдындарымен ұсынылған. Негізгі ірі су көздері Сырдария өзені, Қарашық және Арыс-Түркістан каналы болып табылады. Суды ұтымды қайта бөлу және ауданның сумен қамтамасыз етілуін арттыру

мақсатында өзендер негізінде 7 су қоймасы ұйымдастырылды: Сасық бұлақ, Шерт, Ермак, Ақтөбе, Майдамтал, Шылбыр және Қошқорған.


Зерттелетін аумақтың табиғи-климаттық жағдайларына жүргізілген сараптамалар көрсеткендей Түркістан облысының әрбір аймағының ерекше екендігін көрсетеді, яғни ұйымдастырушылық-шаруашылықтық жүйеге, агротехникалық-эрозияға қарсы шараларға, ауыл шаруашылығы өндірісінің мамандануына, ауыл шаруашылығы техникаларының жоғары өнімділікпен пайдалану тиімділігіне өз әсерін тигізеді.

2020 жылдың 1 қаңтарына сәйкес «2020 жылдың Қазақстан Республикасының жерінің жағдайы және пайдаланылуының жинақ есебіне» сәйкес 11609,5 мың км² құрайды, Республика жерінің 4,3% үлесіне тең. Жер қорының негізгі үлесі ауыл мақсатындағы жерлеріне негізделген - 4209,6 мың га. Жер санаттары бойынша облыстағы жер үлестерінің бөлінуі келесі 5 кестеде келтірілді және 3,4 суреттерде келтірілді.

Кесте 5 – Жер санаттары бойынша Түркістан облысының жер қоры бойынша бөлінуі

Р/с	Жер санаттары	Жылдар		Өзгерістер
		2015	2020	+/-
		мың га	мың га	2015-2020
1	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлері	4050,3	4114,3	+64
2	Елді мекендердің жерлері	811,5	785,6	-25,5
3	Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс, басқа ауыл шаруашылығына арналмаған жерлер	103,5	99,7	-3,8
4	ЕҚТА, денсаулықты жақсартуға, рекреациялық және тарихи-мәдени бағыттағы жерлер	431,1	430,9	-0,2
5	Орман жерлері	3014,9	3010,3	-4,6
6	Су айдыны алып жатқан жерлер	134,9	133,4	-1,5
7	Босалқы жерлер	3179,6	3035,3	144,3
	Барлығы	11752,8	11609,5	-143,3
Ескерту: автормен құрастырылды және есептелді				

Қазір Шымкент қаласы Республикалық маңызы бар қала саналғандықтан, оның территориясы 116200 га құрайды, кестедегі көрсеткіштер территорияның осымен азайғандығын көрсетеді, сонымен қатар өзге де санаттардағы өзгерістер әсерінен барлығы 143,3 мың га құрап отыр [60-63].



Сурет 3 - Түркістан облысының жер қоры бойынша құрылымы (2020 жыл 1 қаңтар)



Сурет 4 - Түркістан облысының (Оңтүстік Қазақстан облысы) жер қоры бойынша құрылымы (2015 жыл 1 қаңтар)

Суреттегі мәліметтерге сәйкес ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлері 2020 жылы 35% ұлғайса, елді мекендердің жерлерінің сәйкесінше ауданы 25,5 мың гектарға, өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс, басқа ауыл шаруашылығына арналмаған жерлер 3,8 мың гектарға, ЕҚТА, денсаулықты жақсартуға, рекреациялық және тарихи-мәдени бағыттағы жерлер 0,2 мың гектарға, орман жерлері 4,6 мың гектарға, су айдыны алып жатқан жерлер 1,5 мың гектарға азайса, босалқы жерлер 21% - дан 27%-ға артқанын көріп отырмыз.

Түркістан облысында ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалану ерекшеліктерін ескере отырып, олардың сапалық жағдайын зерттеу және бағалау мәселелері қаралды. Өсуі ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі ең алдымен жердің қаншалықты ұтымды және шебер қолданылуына байланысты, сонымен қатар жерді толық және дұрыс пайдалану астық, сүт, ет және басқа да өнімдер өндірісін арттырудың маңызды жағдайларына ие. Бұл міндеттерді шешуге ғылыми-зерттеу және өндірістік жұмыстар бағытталуы тиіс. Сондықтан, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер ресурстарының жай- күйін талдау және сапалық жай-күйін ескере отырып, оларды пайдалануды жақсарту жолдарын белгілеу өте маңызды.

Түркістан облысының мысалында жер ресурстарының ерекше мақсатын ескере отырып, қысқа мерзімді және орта мерзімді кезеңдерге арналған нақты міндеттерді шешудегі бағалау әдісінің негізгі ұстанымдары көрсетілді. Зерттеу нәтижелері жердің негізгі қорларын анықтау бойынша статистикалық сипаттаманы өңдеді, ол 11 609,5 мың га құрады, облыстың оңтүстік және солтүстік бөлігіндегі негізгі нүктелі орналасқан жерлердің мысалында оның әртүрлі салаларында АӨК-нің даму перспективалары көрсетілді. Негізгі цифрлық индикаторларды алу нәтижесінде негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерді алуға есептеулер жүргізілді, олар тиісінше Түркістан облысының мысалында АӨК дамуының күшті және әлсіз жақтарын анықтайды. Келешекке қаралған мәселелер инвестициялық ахуал құру кезінде, сондай-ақ АӨК-нің қандай да бір саласын дамыту кезінде болжамдар жүргізуге мүмкіндік береді.


Жерді ұтымды пайдалану мәселелерін шешу аграрлық, техникалық және техникалық-экономикалық іс-шаралардың кең ауқымын қамтиды. Айта кету керек, жергілікті агроөнеркәсіптік кешендерді дамыту олардың ерекшеліктерін ескере отырып, халықты жергілікті азық-түлік ауыл шаруашылығы тауарларымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл жағдайда маңызды міндет-нақты бағытталған агроөнеркәсіптік міндеттерді шешуде агроөнеркәсіптік драйвер болып саналатын негізгі жерлерді кешенді игеру.

Теріс белгілермен асқынбаған-4114,3 мың га немесе барлық ауыл шаруашылығы алқаптарының 25% алып жатыр. Егістікте бұл топ -863,4 мың га немесе оның ауданының -48,4% құрайды. Топырақтың құнарлылығына әсер ететін жағымсыз белгілерсіз жердің едәуір ауданы (863,4 мың га) атмосфералық ылғалдың жеткіліксіздігіне, суару суының болмауына және жер бедері жағдайларына байланысты егіншілікте пайдаланыла алмайды (сурет 5).

Мелиорациялық топтың жерлері 1. «Теріс белгілермен асқынбаған» жақсы мелиорациялық жай-күйі бар және оларға түзету коэффициенті-1,2 қолданылатын жер ретінде белгіленеді.

Жерді ұтымды пайдалану мәселесі көптеген іс-шараларды талап етеді. Жер ресурстарының әлеуетін тиімді пайдалану басым ғылыми-зерттеу және қолданбалы бағыттардың бірі болып табылады. Бұл ретте жалпы мақсат топырақтың биоклиматтық әлеуетін ескере отырып, жердің әрбір учаскесін барынша қайтарумен, уражиналдылықты арттырумен айналысады.

Түркістан облысын пайдалану ерекшелігін ескере отырып, жердің сапалық жай-күйін бағалау олардың сапалық жай-күйіне және экономикалық факторларына байланысты [64].



Сурет 5 -Түркістан облысының ауыл шаруашылығы жерлерінің пайдаланылуы

Сондықтан мұндай зерттеуде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер қорының құрылымына және экономикалық бағалау процестеріне талдау жүргізу маңызды.

Әдістер мен материалдар төмендегі жалпы ғылыми әдістерге негізделген.

АӨК саласындағы мемлекеттік реттеудің тиімділігін бағалау әдісі агроөнеркәсіптік нарықты мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыруға және агроөнеркәсіптік кешенді ауыл шаруашылығы өндірісін орнықты теңестірудің және агроөнеркәсіптік нарықтың тұрақтылығының жүйе құраушы факторы ретінде қолдауға бағытталған және жүйелі талдау мен шешімдер қабылдау кезінде қолданылады.

АӨК мемлекеті тарапынан оны тағайындау кезеңі бойынша кезең-кезеңімен реттеуді мынадай топтарды бөліп көрсетуге болады: ұқсас, комплименттік, жеке (ерекше), агроазық-түлік нарығын қамтамасыз етуге байланысты стратегиялық міндеттерді шешу; агроөнеркәсіптік кешеннің өндірістік базасын дамыту; қаржылық және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалану: Агроөнеркәсіптік кешен кәсіпорындарының орнықты коммерциялық қызметі мен қаржылық орнықтылығы үшін жағдайлар жасау.

Түркістан облысы ауыл шаруашылығы алқаптарын дамыту бойынша АӨК саласындағы негізгі хабтардың бірі болып табылады, бұл өз кезегінде оңтүстік өңірдің табиғи жағдайларына байланысты.

Түркістан облысының Қазақстан Республикасы облыстарының ішінде жалпы көлемі бойынша 13 орын алады және облыстың әкімшілік-аумақтық құрылымына 13 аудан және облыстық бағыныстағы 3 қала кіреді: Бәйдібек ауданы, Жетісай ауданы, Қазығұрт ауданы, Келес ауданы, Мақтаарал ауданы, Ордабасы ауданы, Отырар ауданы, Сайрам ауданы, Сарыағаш ауданы, Созақ ауданы, Төлеби ауданы, Түлкібас ауданы, Шардара ауданы, Арыс қаласы, Кентау қаласы, Түркістан қаласы. [65].


Барлық жер қоры жылы климатпен сипатталатын табиғи аймақтарда орналасқан. Оңтүстік бөлігінде егіншілік тұрақты суару жағдайында мүмкін, ал солтүстік аудандарда топырақтағы ылғалды сақтаудың кешенді шараларын қажет ететін егіншілік мүмкін, ал шөлейт жерлер мал шаруашылығы үшін құрғақ, өнімділігі төмен жайылым ретінде пайдаланылады.

Жер қорының (жер қорының) ауданы 3 091,0 мың га. га құрайды, оның ішінде кен орындары – 22,0 мың га, шабындықтар – 14,6 мың га., жайылымдар- 2 710,5 мың га.

Түркістан облысы бойынша 1991-2020 жылдардағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер алаңының серпіні келесі 6 кестеде, 6 суретте келтіріледі.

Кесте 6 – Түркістан облысының 1991-2020 жылдар аралығындағы ауыл шаруашылығы жерлерінің өзгерістері

Облыс атауы	1991 жыл	2005 жыл	2015 жыл	2020 жыл	Өзгерістер (+, -)	
					2020 ж.- 1991ж.	2020 ж.- 2015 ж.
Түркістан	11,5	4,4	4,0	4,1	-7,4	+0,1



Сурет 6 - Ауыл шаруашылығы жерлерінің 1991-2020жж аралығындағы өзгеруі


1991-2005 жылдары ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын реформалау кезеңінде облыс бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің ауданы 7,1 мың гектарға қысқарды, бірақ кейіннен осы санаттағы жерлердің ауданы жыл сайын азайды және оның жалпы азаюы 2005-2020 жылдар аралығында 0,3 мың гектарды құрады [66].

Облыстың аудандары бойынша ауылшаруашылық ақаптары әртүрлі топырақ және өсімдік жамылғысымен сипатталады. Біркелкі бөлік айқын ендік зоналылығымен сипатталады, ал таулы аймақтарда – тік зоналылық, олар өз кезегінде жеке аймақтар мен биіктік белдеулеріндегі топырақ өсімдіктерімен ерекшеленеді. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құрамы 7 кестеде және 7 суретте көрсетілген.

Кесте 7 - 2020 жылғы 1 қарашаға Түркістан облысы бөлінісінде жер түрлері бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құрамы

Р /с	Ауыл шаруашылық алаптарының атаулары	1991ж	2005ж	2015ж	2020ж
		мың га	мың га	мың га	мың га
1	Барлық ауыл шаруашылық алаптары	11546	4456,5	4005,4	4114,3
1	Егістік	10412,2	893,5	852,3	863,4
2	Көп жылдық екпелер	32,6	29,2	25,4	28,4
3	Тың жерлер	1032,5	108,2	110,5	101,2
4	Шабындық	432	100,0	69,5	69,5
5	Жайылым	3562,6	3005,2	2932,4	2932,4
6	Бақша дақылдары	28,6	-	-	-
Ескерту: Автормен есептелген					

Түркістан облысының жер алқаптарының жалпы ауданы 11609,5 мың га, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер – 4114,3 мың га құрайды, оның ішінде: егістік – 863,4 мың га (20,9%) (оның ішінде суармалы – 462,60 мың га), жайылым – 2932,4 мың га (71,2%), сенакос-69,5 мың. га, басқа жерлер 129,6 (3,14%) (көп. отырғызу, тыңайған жерлер және басқа да жерлер).



Сурет 7-Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құрамы

Жерді экономикалық бағалау бойынша жұмыстарды орындау кезінде базалық ставкалар пайдаланылады. Төлемнің базалық ставкалары жекелеген жер учаскелеріне оларды жеке меншікке сату немесе беру кезінде баға белгілеуді реттеу үшін қажет жерді пайдалану мемлекет, сондай-ақ салық салу мен жалдау ақысын оңтайландыру үшін [67].

Түркістан облысының аумағындағы жер учаскелерін бағалаудың бірыңғай тәсілін қалыптастыру және оның нәтижелерінің салыстырымдылығын қамтамасыз ету үшін жер учаскесінің кадастрлық құнын айқындау үшін бастапқы көрсеткіш ретінде ҚР Үкіметі бекіткен Ауыл шаруашылығы алқаптарының бір гектары құнының базалық нормативі қолданылады.

Әкімшілік аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың жерлерін экономикалық бағалау Топырақтың негізгі типтері мен кіші типтері бөлінісінде жер алқаптарының түрлері бойынша жүргізіледі. Түркістан облысының аумағында топырақтың екі аймағы бөлінген: қоңыр және сұр қоңыр. Жерді экономикалық бағалауды жүргізу кезінде жер балансының деректері, топырақ іздестіру материалдары, топырақты бағалау, жерді түгендеу пайдаланылды [68].

Түркістан облысының егістік алқаптарының сапалық жағдайы екі көрсеткішпен сипатталады: мелиоративтік жай-күйі және бетінің еңісі.

Егістік бетінің көлбеуіне түзету коэффициенті бірлік ретінде қабылданады, өйткені оның көлбеу мөлшері негізінен 3 градустан аспайды.

Топырақтың типтері мен кіші түрлерінің мелиорациялық жағдайы олардың мелиорациялық топтарға бөлінуіне сәйкес қабылданады.

Зерттелетін аумақтың табиғи-климаттық жағдайларына жүргізілген сараптамалар көрсеткендей Түркістан облысының әрбір аймағының ерекше екендігін көрсетеді, яғни ұйымдастырушылық-шаруашылықтық жүйеге, агротехникалық-эрозияға қарсы шараларға, ауыл шаруашылығы өндірісінің мамандануына, ауыл шаруашылығы техникаларының жоғары өнімділікпен пайдалану тиімділігіне өз әсерін тигізеді.

2.2 Баға құраушы факторларды анықтау және көрсеткіштерін негіздеу

Ауыл шаруашылығы жерлерін бағалаудың теориялық-әдіснамалық негіздеріне сүйене отырып, сонымен қатар анықталған құнды құраушы механикаларға байланысты кадастрлық құнды қалыптастыратын теорияға және әдіснамаға сәйкес құнды тәжірибелік есептеу әдістеріне мүмкіндік беретін әдістемелік қамтамасыз етуге көшеміз (сурет 8).

Мұнда айта кетерлігі, бұрыннан бар сан алуан ауыл шаруашылығы жерлерін бағалаудағы отандық және шетелдік әдістер түрлі қағидалар мен әдістерге (транспорттық-жол шығындары, гедонистикалық құрылымдар, анықталған шамалар және т.б.) байланысты. Бұл әдістердің барлығы әр түрлі құнды құраушы факторларды қамтиды, әрі олардың барлығы жерді бір қырынан ғана көрсетуге бағытталған, яғни жерді бағалаудың құндық феноменін толық ашпайды [69].


Бағаны есептеудің әдіснамалық тәсілдері мен тәжірибелік әдістері, отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми ізденістері, ғылыми-зерттеу институттарының мәліметтері негізінде ауыл шаруашылығы жерлерін кадастрлық бағалаудың ерекшеліктерін көрсететін құнды құраушы бірқатар факторларды анықтап алдық. Оларды негізгі үш топқа бөлдік [70]:

1) табиғи-климаттық факторлар (ауыл шаруашылық жерлерін бағалауды биосфералық құраушы ретінде);

2) аумақтық қолжетімділік факторлары (ауыл шаруашылығы жерлерін бағалауды экономикалық құраушы);

3) әлеуметтік-экономикалық факторлар (ауыл шаруашылығы жерлерін дихотомикалық бағалау).

Құнды құраушы факторларды топтастырып болғаннан кейін, біз факторлық көрсеткіштер ретінде қарастырдық. Анықталған факторлардың кеңдігі және көп қырлылығы көп жағдайларға байланысты болды, сонымен қатар ауыл шаруашылығы жерлерін кадастрлық бағалауды кешенді тұрғыдан бағалау қажеттілігін дәлелдейді.



Сурет 8 - Ауыл шаруашылығы жерлерінің кадастрлық бағалаудың кешенді технологиясы

Табиғи-климаттық факторлар В.В.Докучаевтың пікірінше аумақтық заңдылыққа сәйкес өгеріске еніп отырады. Бұл факторлар мынандай бірқатар көрсеткіштермен көрсетіледі:

1. Топырақ құнарлығы.

-балл бонитетпен белгіленетін, топырақтың құнарлылық деңгейін сипаттайтын интегралды көрсеткішті анықтау;

-жарамдылық санатын көрсететін, ауыл шаруашылығы алаптарының әр түріне сәйкес қолданылу үшін топырақтың жарамдылығын сипаттайтын интегралды көрсеткішті анықтау;

Генетикалық құрамы бойынша жерді бағалау агроөндірістік топтар бойынша жүргізіледі, ол табиғи-ауыл шаруашылықтық аудандастыру шеңберінде анықталады. Топырақ құнарлығына аумақтық дифференциалдық және қоршаған табиғи ортаға әсер ететін көрсеткіштерге төмендегідей факторлар да кіреді: климаты, жер бедері, жыныстық құрылымдар және т.б. Ауыл шаруашылығын кадастрлық бағалау кезінде белгілі бір уақыт аралығында кеңістіктік тұрғыдан қарастырылады [71].

2. Контур.

Ауыл шаруашылығы техникаларының өнімділігіне айтарлықтай әсерін тигізеді (ауыл шаруашылығы өндірушінің жұмысының күрделенуіне алып келеді.). Танаптың өлшеміне ландшафттың түрлілігі, топырақ жамылғысының сипаты, эрозиялану деңгейі, жер бедерінің жағдайы, орман жолақтары және т.б. жағдайлар өз әсерін тигізбей қоймайды.

3. Тастақтылығы.

Жер учаскесінің тастақтылығының мына деңгейлері бойынша бөлуге болады: әлсіз тастақты, орта тастақты, күшті тастақты, өте күшті. Аталған көрсеткіштер ауыл шаруашылығы техникаларын эксплуатациялауда есептелмеген шығындар келтіреді, агротехникалық және мелиоративтік жұмыстарды жүргізу мүмкіндігінің шектеулігінен топырақ құнарлығын төмендетуге алып келеді.

4. Ылғалдылығы.

Жердің ылғалдылығына байланысты жер «ылғал жеткіліксіз», «қалыпты», «шыктен тыс ылғалды», «бастпақты», «ағын сулар жиылатындығымен» сипатталады. Ылғалдану деңгейінің дифференциациясы бірқатар агротехникалық және мелиоративтік шараларды қажет етеді. Мысалы, уақытша ылғалды жерлер агротехникалық шараларды, ұзақ уақыт ылғал қамтитын аумаққа мелиоративтік шаралар, ал үнемі ылғалды жерлерге – түбегейлі мелиорация жұмыстары жүргізіледі. Осы шаралардың барлығы қосымша шығындардың туындауына алып келетіндіктен ауыл шаруашылығы жұмыстарының кешіктіреді.

5. Эрозия.

Жер учаскелерінің эрозиялық деңгейіне байланысты мына түрлерге бөлуге болады: «дефляциялық-қауіпті», «су немесе жел эрозиясымен зақымданған», «су және жел эрозиясына ұшыраған». Шайылған топырақтардың құнарлығының төмендеуі тікелей топырақ құрамындағы қарашірік (гумус) қабатына және қорына байланысты.

Аумақтық қолжетімділік факторлары көптеген көрсеткіштерге бөлінеді, жекелей алғанда – жер пайдаланылудың аудан орталығынан қашықтығы, ол транспорттық шығындарға және ауыл шаруашылығы дақылдарын өндіруге кедергісін тигізеді. Жоспарлы экономикада ауыл шаруашылығы өнімдерін жүзеге асыруда бекітілген мемлекет нарықта бұл өнімдерді сатуға және қайта өңдеуге көмек берген. Бұдан бөлек, жанар-жағар материалдарымен қамтамасыз ету базасы жасақталған. Аталған шаралар экономиканың аграрлы секторында жерді пайдалану нәтижелігіне оңтайлы себебін тигізді. Керісінше, нарықтық экономикада әрбір ауыл шаруашылық өндірушілері өсірілген дақылдарды жүзеге асыру мәселелерін өзі шешеді. Сондықтан кейбір авторлар жер учаскесінің орналасу орынын маңызды деп есептемейді, атап айтқанда тауар өткізу нысанынан қашықтық қазіргі жаңа экономика қырылымда маңызды көрсеткішке ие [72-74].

Жер учаскесінің кадастрлық құны табиғи-климаттық факторы ұқсас агрохолдингпен шекаралас болғанымен жер учаскелерінің олардың орналасу алшақтығына байланысты айырмашылығы болады, яғни біздің көзқарасымыз бойынша транспорттық шығындар аталған жер учаскелерінің шаруашылыққа кететін шығындарымен бірдей емес. Аумақтың түрлілігі мен транспорттық шығындарды көрсету құнды кадастрлық бағалауда ауыл шаруашылығындағы өндірістік қатынастардың жетілдірілуін көрсетеді. Бұл авторлық көзқарас Ф.Тюененнің пікірімен сәйкес келеді, яғни құнды қалыптастыруға транспорттық шығынның әсері тікелей әсерін тигізеді.

Басқа техникалық көрсеткіштер де (ауыл шаруашылығы жер пайдаланылуының орталықтан қашықтығы қатты жабынды жолмен жалғасуы, учаскенің кіреберіс жағдайы, жол желілерінің тығыздығы) өндірістің тікелей экономикалық көрсеткіштерінің призмасы ретінде қарастырылуы керек. Мемлекет жер пайдаланушыларға көмектеспейтіндіктен, шаруашылық иелері өздігінен жұмыс жасайтын болғандықтан ортақ пайдаланылатын жолдарға мән берілмейді, нәтижесінде жол желілерінің нашарлауынан шығын екі есеге дейін өскендігін байқауға болады. Шаруашылықтың экономикасына белгіленген көрсеткіштердің әсерлік деңгейі ауыл шаруашылығы ұйымдарының өндірісін ұтымды-аумақтық ұйымдастыруына байланысты [75].

Өндірісті ұтымды ұйымдастыру ғана еңбек өнімділігін көтеруге мүмкіндік береді, яғни транспорттық жүктерді тасымалдау, жұмыс күштерінің қозғалысы, өндіріс жабдықтарын пайдалануды дұрыс игеру арқылы жұмыс уақытын тиімді пайдалануға болады.

Сондай-ақ, табиғи-климаттық жағдайлар мен аумақтық қолжетімділік факторларының айырмашылықтарынан басқа, *элеуметтік-сыйымды және экономикалық* таспа құраушы жағдайлар мен факторларды ескеру қажет екенін атап өткен жөн. Өздеріңіз білетіндей, жердің бір ерекшелігі-оның мөлшері табиғаттың өзімен шектеледі. Ұсыныстың шектелуі шығыстарды бөлу және ауыл шаруашылығы жерлерінің кадастрлық құнын қалыптастыру ерекшеліктерінің негізгі себебі болып табылады. Бұл жағдай Батыс Еуропа елдеріне тән, оның жер ресурстары айтарлықтай шектеулі, бірақ Қазақстанның көптеген ауыл шаруашылығы ұйымдарында мүмкін емес.

Жер ресурстарының шектелуі оларды бағалаудың қоғамдық өлшемі ретінде халықтың тығыздығы, АӨК және өзге де өндірістік кешендерді қалыптастырудың қоғамдық қажеттіліктеріне сәйкес өңірлік жермен қамтамасыз ету, экологиялық қауіпсіздік көрсеткіштерінде көрсетіледі. Нысаналы жұмыс істейтін экономикалық заңдарға байланысты шеткі тұрғындар экономикалық кеңістікті (агломерацияны) құра отырып, мегаполистер мен индустриалды орталықтарға іргелес жерлерге эволюциялық түрде қоныс аударады [76-78].

Сонымен қатар, ҚР субъектілері олардың аумағы бойынша тұрғындардың біркелкі орналасу деңгейімен және халық тығыздығының көрсеткіштерімен айтарлықтай ерекшеленеді, бұл аграрлық өндірістің аумақтық саралау дәрежесіндегі айырмашылықты алдын ала анықтайды.

Жер ресурстарының шектелуі оларды кеңістіктік (аумақтық) базис ретінде бағалау кезінде, ал жер ресурстарын пайдалану кезінде – биосфералық категория ретінде алаңдық көрсеткіштерде көрсетіледі. Жердің әрбір санаты шеңберінде берілетін жер учаскесінің ауданы тұрғындардың санына, еңбек ресурстарына, өндірістің нақты және перспективалық көлеміне сәйкес келеді.

Жер ресурстарын бағалау кезінде олардың жалпы және салалық жермен қамтамасыз ету көрсеткіштерінде айқындалған шектелуі аумақтың мамандануының әмбебап түрімен және шаруашылықтың әртүрлі өңірлік түрлері үшін жермен қамтамасыз етудің шекті (шекті) мәндерін табу арқылы өндіріс қарқындылығының шамасымен келісіледі. Бұл шекті мәндер жер заңнамасымен белгіленеді, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкімдерімен реттеледі. Мәселен, жеке қосалқы шаруашылықты жүргізу үшін шекті мәндер 0,5 гектардан 2,5 гектарға дейін ауытқиды [79].

Ресурстармен қамтамасыз ету параметрлері ауыл шаруашылығы жерлерін бағалаудың экономикалық факторларының жалпыға бірдей жүйесіне жердің аумақтық қолжетімділігі мен шектелу параметрлерімен үйлестіріледі.

Біз оның негізгі көрсеткіштеріне мыналарды жатқызамыз:

а) бүкіл халықтың алқаптармен, оның ішінде ауыл шаруашылығы алқаптармен, егістік жерлермен жермен қамтамасыз етілуі;

б) осы көрсеткіштер бойынша ауыл халқының жермен қамтамасыз етілуі.

Бұл ретте ауыл шаруашылығы жерлерінің белгіленген сипаты олардың ұсынысының абсолютті икемсіздігін, яғни кадастрлық құнды қалыптастыруға сұраныс факторы (халықтың төлем қабілеттілігі) да айтарлықтай әсер етеді. Бұл фактор, ең алдымен, ауыл шаруашылығының, атап айтқанда, өсімдік шаруашылығының кірістілігінің мөлшерін сипаттайды [80-82].

Қазіргі уақытта біз елеулі ауылдық аумақтарда жұмыспен қамтудың, жұмыссыздықтың және ауыл тұрғындарының тиісті кірістерінің азаюының өзегі болып табылатын тұрақты тауар өндірісінің тоқтатылуын байқай аламыз, бұл болашақта өте қайғылы әлеуметтік салдары бар дағдарыстық жағдайдың күшеюін болжайды. Өздеріңіз білетіндей, аграрлық ресурстар (ауылдық аумақтардың негізгі артықшылығы) толық көлемде пайдаланылмайды және шаруашылық айналымнан шығарылады. Бірнеше ғасырлар бойы өңделіп келе жатқан ауыл шаруашылығы алқаптары лақтырылып, кейіннен деградацияға

ұшырайды. Ауыл халқының табысының төмендеуі ауылдық аумақтардың жер біртектілігін олардың өңірлік агроөндірістік нарықтарды қалыптастыруға қосқан үлесі және ауыл шаруашылығы жерлерінің кадастрлық құны тұрғысынан айқындайды. Сонымен қатар, өсімдік шаруашылығы АӨК-нің тауар саласы ретінде ауыл тұрғындарын жұмыс орындарымен және тиісті кірістермен қамтамасыз ете алмайды [83-85].

Біздің ойымызша, инвестицияны тартудың аумақтық қолжетімділіктен, қоныстандыру жүйесінен, шаруашылықтың өндірістік бағыты мен мамандануынан, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілердің шаруашылық қызметінің рентабельділігінен, құқықтардың өтімділігінен және басқа да жағдайлардан қалыптасады.

Материалдық-техникалық база мен инвестициялар жеткіліксіз болған кезде экономиканың аграрлық секторының орнықты дамуының бастапқы нүктесі ауыл шаруашылығы өндірісінің экологиялық, атап айтқанда, агроэкологиялық негізге ауысуы, яғни экологиялық компонентті есепке алу болуы мүмкін. Алайда, жердің кадастрлық құнын бағалау кезінде экологиялық компоненттің ғылыми негізделген есебі және тиісті нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету жоқ. БҰҰ, ФАО, ЮНЕСКО құжаттарында жер ресурстарын бағалау кезінде экологиялық компонентті есепке алу қажеттілігі көрсетілгенін еске салу маңызды.

Экологиялық компонент дихотомиялық негізге ие. Бір жағынан, бұл құнын төмендететін теріс фактор, ал екінші жағынан құнын арттыратын фактор. Сондықтан экологиялық компонентті бағалаудың түзету коэффициенттерін жер ресурстарының құнына қолдану түбегейлі дұрыс емес. Осы түзету коэффициенттерінің ауыл шаруашылығы жер құнына әсері тұрғысынан экологиялық бағалау табиғатты пайдалану экономикасында жеткілікті зерттелген [86].

Экологиялық жағдайдың нашарлауына байланысты жер құнының төмендеуінің әсері шет елдердің экономикасында бар. Жер ресурстарын бағалаудың даму тарихы ұқсас елдерде, мысалы, Литва мен Латвияда жер учаскелерін кадастрлық бағалау кезінде экологиялық факторға айтарлықтай мән беріледі. Литвада кадастрлық құнды есептеу кезінде экологиялық факторды мұқият есепке алу бойынша зерттеулер жүргізілуде, Латвияда да осындай жағдай орын алуда. Мысалы, кадастрлық құн ластану аймағына байланысты түзетілуі керек

Біздің ойымызша, экологиялық компоненттің әсерін ескеру қажет, оны қоршаған орта сапасының сандық көрсеткіштері немесе олар мен шығындар арасындағы анықталған тәуелділіктер арқылы жүргізуге болады. Экологиялық факторлардың жалпы қабылданған жіктемесі жоқ.

Қазіргі кезеңде Қазақстанда, әлемдік қоғамдастық сияқты, жерге орналастыру принциптері мен бағалау принциптерінің өзгеруі байқалады, бұл экологиялық мәселелерді шешудің басымдығы болып табылады. Сондықтан ауыл шаруашылығы жерін пайдалануды (жасыл экономика) экологияландыру бойынша ғылыми негізделген шешімдер қабылдау үшін аграрлық өндіріс аумағының агроэкологиялық қасиеттерін, сондай-ақ оның жекелеген

бөліктерінің табиғи тұрақтылығын ескеру қажет. Атап айтқанда, жерге орналастырудың көмегімен агроэкологиялық телімдерді аумақтық-өндірістік құрылымдарға – алқаптар мен ауыспалы егістер массивтеріне, егістіктер мен жұмыс учаскелеріне айналдыруға болады. Осылайша, жерге орналастыру іс-шаралар жүйесі ретінде агроландштейндік жақтауды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Агроэкологиялық ресурстарды үнемі ескермейтін, жағымсыз экологиялық және экономикалы салдарға әкелетін жоспарлы экономикадан айырмашылығы, нарықтық экономика шаруашылық аумағының агроэкологиялық әлеуетін ескеретін басқа, объективті тәсілді талап ететінін атап өткен жөн. Ауыл шаруашылығының (шаруашылық жүргізуші субъектінің) нарықтық конъюнктурасын, өнімділік әлеуетін және даму перспективаларын ескере отырып, экономикалық тиімділік тұрғысынан да, экологиялық жағынан да ауыл шаруашылығы жер пайдалану аумағының ішкі шаруашылық жобасы құрылады.

Сондай-ақ, жерді бағалау жұмыстарын жүргізу кезінде ауыл шаруашылығы жерлерін аграрлық ресурс ретінде пайдалануды ашуға арналған ландшафт құрайтын элементтерді ескеру өте маңызды. Мұндай элементтерге мыналар жатады: ауыл шаруашылығының дамуы, жырттылуы, ормандылығы, урбанизацияланған және индустриалды аумақтардың үлес салмағы. Бұл элементтер оңтайлы арақатынаста бола отырып, аграрлық ресурс пен агроландшафтты сақтай алады, өйткені бұл жағдайда ландшафтқа оңтайлы жүктеме қалыптастырады. Мысалы, жер қорын кешенді зерттеу кезінде ландшафт түзуші элементтердің оңтайлы арақатынасын анықтады: Ауыл шаруашылығын игеру – 27%, оның ішінде жер жырту – 10%, орманды және бұталы алқаптар – 60%, урбанизацияланған және индустриалды аумақтар – 5%, басқа жерлер – 8%.

Біз экологиялық құрамдас бөлікке қоршаған табиғи ортаның шарттары мен параметрлерін (мысалы, топырақтың ауыр металдармен ластану деңгейі), Агро ландшафтқа жүктеме нормасын, Ауыл шаруашылығы жер пайдаланудың агроэкологиялық әлеуетін жатқызамыз.

Факторлық көрсеткіштерді анықтаудың ерекшеліктеріне ауыл шаруашылығы жерлерін кадастрлық бағалау кезінде метрикалық шаралар жүйесінде (құнарлылық, контурлық, қашықтық және т.б.) оңай көрінетін көрсеткіштермен ғана емес, сонымен қатар салыстырмалы сипаттамалармен (кіреберістердің жағдайы, инвестициялық тартымдылық, экологиялық жағдай және т.б.) айналысу керек. Нәтижесінде факторлық көрсеткіштердің қалыптасуы екі түрлі болуы мүмкін:

1) сандық мән;

2) көрсеткіштерді, оның ішінде бөлу шкаласы бойынша біркелкі немесе әртүрлі кадамдармен дәрежелік бөлу.

Ұсынылған ғылыми зерттеулердің нәтижесінде біз ауыл шаруашылығы жердің кадастрлық құнына әсер ететін баға қалыптастырушы факторлардың тізбесін анықтадық (кесте 8).

Кесте 8 – Ауыл шаруашылығы жерлерінің кадастрлық құнына әсер ететін бағаны құраушы факторлар

№	Баға құраушы факторлардың атауы	Өлшем бірлігі	Факторды өлшеудің ұсынылған тәсілі
1	Құнарлылық	Бал бонитет	Топырақ құнарлығын көрсететін интегралды көрсеткіш
		жарамдылық санаты	Ауыл шаруашылығы алаптары әр түріне қолданылатын топырақтың жарамдылығын сипаттайтын интегралды көрсеткіш
2	Контур	га	Танаптың орташа ауданы (жұмысшы учаскелер)
3	Тастақтылығы	деңгей	Аз, орташа, көп тастақты
4	Ылғалдылығы	деңгей	Жеткіліксіз, қалыпты, шеткен тыс, батпақ, су жиылатын
5	Эрозия	деңгей	Әлсіз, орта, күшті
6	Орталықтан қашықтығы	шақырым	Аудан орталығынан жер пайдаланудан қашықтығы
7	Қатты жабынды жолдарға дейінгі қашықтық	шақырым	Қатты жабынды жолдарға дейінгі ара қашықтық
8	Кіру жағдайы	дәреже	Жақсы, қанағаттанарлық, қанағаттанарлықсыз
9	Жол желілерінің тығыздығы	%	Облыс/ауданның барлық автокөлік жол желілерінің жалпы ұзындығының облыс/аудан ауданына қатынасы
10	Транзакциялық шығындар деңгейі	тг	Транзакциялық шығындардың орташа мәні
11	Өңір халқының жермен қамтылуы	га/адам	Өңір халқының жермен қамтылуының мәні (ауыл шаруашылығы алаптары)
12	Өңір халқының жермен қамтылуы (жыртылған жер)	га/адам	Өңір халқының жермен қамтылуының мәні (жыртылған жер)
13	Өңірдегі ауыл халқының жермен қамтылуы	га/адам	Өңірдегі ауыл халқының жермен қамтылуының мәні
14	Өңірдегі ауыл шаруашылығы пайдасының орташа деңгейі	дәреже	Өңірдің ауыл шаруашылығының жиынтық табысының өңірдің ауыл халқының санына қатынасы
15	Өңірдегі егін шаруашылығы пайдасының орташа деңгейі	дәреже	Өңірдің егін шаруашылығының жиынтық табысының өңірдің ауыл халқының санына қатынасы
16	Транспорттық шығындар деңгейі	тг	Транспорттық шығындардың орташа мәні
17	Инвестицияны тартуы	дәреже	Жоғары, орта, төмен
18	Бағаланатын аумақтың экологиялық ахуалы	дәреже	Жақсы, қанағаттанарлық, қанағаттанарлықсыз

Факторлық көрсеткіштер бір-бірімен байланысты болуы мүмкін (өзара немесе біржақты тәуелді) немесе, керісінше, бір-бірімен байланысты емес (тәуелсіз). Осылайша, ауыл шаруашылығы жерлерінің кадастрлық құнын кешенді бағалау факторлардың үш тобының (f) функциясын білдіреді: табиғи-климаттық (x_1), аумақтық қолжетімділік (x_2), әлеуметтік-экономикалық (x_3). Жалпы алғанда, ол келесідей ұсынылуы мүмкін:

$$KC=f(x_1, x_2, x_3) \quad (2)$$

Анықталған баға қалыптастырушы факторлар ауыл шаруашылығы жерлерінің кадастрлық құнының қалыптасуына сараланған түрде, яғни аграрлық экономиканың құрылымына байланысты әсер етеді. Дәстүрлі түрде жер бетіндегі шаруашылықтың үш түрін бөлу әдетке айналған: жоғары өнімді ауыл шаруашылығы ұйымдары, шаруа (фермер) қожалықтары, өзіндік қосалқы шаруашылықтар. Әр құрылымның кадастрлық құнға әсер ететін факторлардың жиынтығына байланысты өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл авторлық ұстаным шетелдік тәжірибеге сәйкес келеді.

Қорытындылай келе, біз жалпылаймыз: кадастрлық құнды кешенді бағалау үшін өзара әрекеттесетін және өзара байланысты көрсеткіштер жүйесі қолданылуы керек, олардың кейбіреулері құндылықты қалыптастырудың базалық негізін анықтайтын негізгі, ал басқалары қосымша болып табылады (құнның базалық негізін түзетуге мүмкіндік береді) (сурет 9).



Сурет 9 - Факторлық бағалау көрсеткіштерін жіктеу

Ұсынылған факторлық бағалау көрсеткіштерінің жүйесі және уақыттың өзгеруіне төзімді, өйткені оның негізі ретінде тұрақты көрсеткіштер алынады (5-10 жыл ішінде өзгерістерге төзімді).

2.3 Баға белгілеуші факторларды саралау әдістері

Жоғарыда анықталған факторлық көрсеткіштерге негізделген ауыл шаруашылығы жерлерінің кадастрлық құны аграрлық экономиканың әртүрлі құрылымдары үшін баға белгілеуші факторлардың маңыздылығы әртүрлі болуы мүмкін екенін көрсетеді. Баға факторларының дәрежесін маңыздылығы бойынша анықтау басымды коэффициенттерін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Салмақ коэффициенттерін алудың көптеген әдістерінің ішінде мыналар маңызды: басымдықтарды белгілеу, құн критерийлерін сараланған бағалау, жұптық салыстыру (соның ішінде иерархияларды талдау әдісі - ИТӘ), үйлестіру әдісі, факторларға коэффициенттерді тағайындау [87].

Біздің ойымызша, ауыл шаруашылығы жерлерін бағалау кезінде жұптық салыстыру әдісін қолданған жөн, өйткені әртүрлі жер-бағалау мәселесін шешу көбінесе жер нарығының осы сегментінің жеткіліксіз дамуымен байланысты статистикалық ақпарат тапшылығымен жүзеге асырылады.

Өкінішке орай, ауыл шаруашылығы жерін бағалау үшін осы әдісті қолдану тәжірибесі аз. Алайда, Түркістан облысының «Балтакөл» және «Көксарай» АҚ-да бағалау шкалаларының мәндерін сандық анықтау үшін жұптық салыстыру әдісін қолданудың бір оң мысалын келтіруге болады.

Жұптық салыстыру әдісінің негізгі артықшылықтарына мыналар жатады:

- көптеген тәжірибелік басқару міндеттерін, соның ішінде жерді бағалауды шешу үшін қажетті факторлық көрсеткіштердің өзгермелі маңыздылығын өлшеуге рұқсат етіледі;

- маман өз назарын берілген уақытта салыстырылатын екі индикаторға аудары алады, яғни сарапшыға барлық факторлық көрсеткіштермен жұмыс істеудің қажеті жоқ, бұл жұмысты едәуір жеңілдетеді, оның сапасы мен бағалау дәлдігін арттыруға көмектеседі;

- зерттеу зерттеу объектісінің жан-жақтылығын ескеруге мүмкіндік береді (бұл ұстаным әсіресе өзекті);

- сарапшы ұсынған факторлық көрсеткіштің орташа бағасын ғана емес, сонымен қатар осы бағалаудың дисперсиясын да анықтауға болады;

- акт ақпараттық-бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алуды талап етпейді, бұл жер-бағалау жұмыстарының күрделілігі мен өзіндік құнын анықтауда маңызды.

Осылайша, ИТӘ жерді бағалау мәселелерінің әртүрлі спектрін шешуде қиын ресімделетін мәселелерді қарастырудың қалыптасқан ғылыми әдісі ретінде танылуы мүмкін. Бұл әдістің негізгі идеясы факторлық көрсеткіштерді жұптастырудан тұрады, яғни.кез-келген кейінгі бағалау алдыңғыға қосылмаған. Жұптық артықшылық матрицасын қалыптастыру кезінде барлық жұптық бағалар ескеріледі. Осы зерттеудің мақсаттары үшін ауыл шаруашылығы жерлерінің кадастрлық құнына әсер ететін баға белгілеуші факторлардың негізгі топтарының матрицалары, сондай-ақ қосымша факторлар матрицасы жұптық артықшылықтардың маңызды матрицалары болып табылады. (кесте 9-12).

Бұл әдісті қолданудың маңызды аспектісі-сарапшыларды таңдау.

Кесте 9 - Баға құраушы факторлардың негізгі топтарының жұптық артықшылықтарының матрицасы

Баға құраушы факторлар	Табиғи-климаттық факторлар	Аумақтық қолжетімділік факторы	Әлеуметтік-экономикалық ффакторлар
Табиғи-климаттық факторлар	1	-	-
Аумақтық қолжетімділік факторы	x	1	-
Әлеуметтік-экономикалық факторлар	x	x	1

Кесте 10 – «Табиғи-климаттық факторлар» қосымша факторлардың матрицасы

Табиғи-климаттық факторлар	Құнарлылық	Контур	Тастақтылығы	Ылғалдылығы	Эрозиялығы
Құнарлылық	1	-	-	-	-
Контур	x	1	-	-	-
Тастақтылығы	x	x	1	-	-
Ылғалдылығы	x	x	x	1	-
Эрозиялығы	x	x	x	x	1

Кесте 11 – «Аумақтық қолжетімділік факторы» қосымша факторлардың матрицасы

Аумақтық қолжетімділік факторы	Аудан орталығынан қашықтығы	Қатты жабынды жолдарға дейінгі ара қашықтық	Кіреберістер жағдайы	Жол желісінің тығыздығы
Аудан орталығынан қашықтығы	1	-	-	-
Қатты жабынды жолдарға дейінгі ара қашықтық	x	1	-	-
Кіреберістер жағдайы	x	x	1	-
Жол желісінің тығыздығы	x	x	x	1

Кесте 12 – «Әлеуметтік-экономикалық факторлар» қосымша факторлардың матрицасы

